Мақалада проблемалық оқыту әдісінің негізгі қағидалары, оның сыни ойлауды қалыптастырудағы рөлі, сондай-ақ физика сабақтарында қолданудың нақты мысалдары талданды. Зерттеу барысында оқушыларға проблемалық сұрақтар, зерттеу тапсырмалары және сапалы есептер ұсынылды, бұл олардың теориялық білімдерін практикалық жағдайларда қолдану дағдыларын жетілдіруге ықпал етті. Эксперименттік мәліметтер проблемалық оқыту әдістерінің тиімділігін көрсетіп, оның оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратынын, белсенділік танытуына жағдай жасайтынын дәлелдеді. Зерттеу нәтижелері педагогикалық тәжірибеде, оқу бағдарламаларын жетілдіруде және әдістемелік нұсқаулар әзірлеуде пайдалы болуы мүмкін.

Түйін сөздер: сыни ойлау, физиканы оқыту әдістері, проблемалық оқыту (PBL) әдісі, білім беру процесі, проблемалық жағдаяттар, оқыту технологиялары.

Қазіргі таңда білім беру сапасын арттыру мақсатында жаңартылған оқыту технологиялары мен әдістері кеңінен енгізілуде. Бұл жүйелердің негізгі басымдықтарының бірі – оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту болып табылады. Атап айтқанда, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, шығармашылық тұрғыдан проблемаларды шешу қабілетін жетілдіру және зерттеушілік дағдыларды дамыту білім беру үдерісіндегі маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы жүзеге асыратын PISA зертеулері де оқушылардың сыни ойлау дағдыларына аса көңіл аударатыны да белгілі. Сыни ойлау – оқушылардың оқу барысында алған білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білуге, нақты қойылған проблемаларды шешуге, ақпаратты талдауға, салыстыруға, бағалауға, негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін маңызды когнитивтік қабілет. Бұл дағдыны дамыту, әсіресе, физика пәнін оқытуда ерекше маңызға ие. Себебі физикалық құбылыстар мен заңдылықтарды меңгеру оқушылардан логикалық ойлау, аналитикалық талдау жасау және зерттеу қабілеттерін талап етеді. Физика пәнін оқытуда оқушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру үшін проблемалық оқыту технологиясын қолдану ең тиімді әдіс болып табылады. Проблемалық оқыту (Problem-Based Learning, PBL) – оқушылардың өз бетінше ойлауын, зерттеу жүргізуін және шешім қабылдауын дамытуға бағытталған оқыту әдісі. Бұл әдісте оқушыларға дайын ақпарат берілмейді, керісінше, олар шынайы немесе оқу үдерісіне жақын проблемаларды шешу арқылы білім алады. Мұндай тәсіл оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытып, проблемалық жағдайларды шешу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Оқушылар физикалық құбылыстарды зерттеп, жаңа гипотезалар ұсынып, эксперименттерді орындау кезінде шығармашылық қабілеттерін жетілдіреді. Проблемалық оқыту оқушыларды білім алуға бағыттап, жеке және топтық зерттеулер жүргізуге, әртүрлі жобалармен айналысуға, сондай-ақ проблеманы шешу үдерісін бағалауға бағыттайды [1-5]. Осылайша, олар теорияны практикада қолдану барысында сыни және креативті ойлауды

дамытады, бұл білім беру үдерісінің тиімділігін арттырады. Бұл әдіс берілген ақпаратты белсенді және терең меңгеруді, аналитикалық ойлауды және қиын жағдаяттарды шешу қабілетін ынталандырады [6]. Ол үшін оқушылар тереңірек ойлауын қажет ететін сұрақтар болуы тиіс. Мысалы «салыстырыңыз», «неге?», «қандай шешімі болуы мүмкін?» немесе «сіз тұжырыммен келісесіз бе?» т.с.с. сөз тіркестері болуы керек [7]. PBL – модуль оқушыларға белгілі бір кезеңдерді орындау арқылы өз бетінше білім алуға мүмкіндік береді. Оған түсініксіз терминдерді анықтау, мәселелерді тұжырымдау, материалды жүйелеу, қосымша ақпарат іздеу, жаңа мәліметтерді жинақтау және тексеру, сондай-ақ есепті рәсімдеу кіреді [8]. [9] жұмыста эмпирикалық зерттеулер мен дәлелдер көрсетілген 36 ғылыми мақалаларды талдап, PBL – оқыту әдісінің оқушылардың шығармашылық, сыни ойлау қабілеттерінің дамуына оң әсерін беретіндігін растаған. PBL – мәселелерді анықтау, олардың себептерін зерттеу, болжамдар жасау, гипотезаларды тексеру, ақпарат алу, оқу мақсаттарын айқындау, проблеманы шешу дағдысын дамыту және алынған білімді өмірдің әр кезеңінде қолдану сияқты көптеген пайдасы бар әдіс ретінде қабылданады [10, 11] зерттеуде PBL әдісін қолдану арқылы оқушылардың пәнді тереңірек ұғып, сабаққа белсенділіктері мен қызығушылықтары артқандығы туралы мәлімдеген (1 кесте).

1 кесте – Сабақтың тақырыбы: «Электромагниттік толқын шкаласы. Электромагниттік толқындар»

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі /уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
1	2	3	4	5
Ұйымдастыру сабақтың басы	Оқушыларды психологиялық дайындау.	Оқушылар дәптер, кітаптарын алып сабаққа дайындалады	Бағалау критерийлері:	Интерактивті такта
Өткен білімді еске түсіру 10 минут	Ой қозғау: «Радиотолқындар, микротолқындар, рентген сәулелері және Күн сәулесі сияқты әртүрлі табиғи және жасанды көздерден таралатын толқындардың арасында қандай физикалы	Оқушылар проблемалық сұраққа жауап береді жұмыс :зерттеу жүргізеді және нәтижелерді талдайды	1.Электромагниттік толқындар шкаласын түсіну – Толқындар	PPT презентация Дисперсия және жарық спектрі https://youtu.be/grfJF7D29BY?si=VbQ43DVoGXKaTAbI Интернет, ноутбуктер Презентация
	2-кезең. Жаңа материалды меңгеру: «Электромагниттік толқындар шкаласына саяхат» – презентация арқылы жаңа материалды меңгеру. Видео көрсету. таныстыру: Сәулеленуді меңгеру жоспары: 1. Диапазонның аталуы 4. Қасиеттері 2. Жиілік 5. Қолданылуы 3. Шығу көзі 6. Адамға әсері	Берілген ақпараттар бойынша сәулелерді зерттейді және дұрыс қорытынды жасайды		
	Электромагниттік толқындар шкаласындағы әрбір сәуленің қасиеттері мен қолданылуын таныстыру. Электромагниттік сәулелердің толқын ұзындығы мен жиілігіне байланысты өтімділік қасиеттері туралы түсініктер беру. Электромагниттік толқындар шкаласында сәулелердің сәуле шығаруына және жиілігіне байланысты диапазонға бөлінуін қарастыру. Электромагниттік толқындар шкаласында барлық сәулелердің ортақ қасиеттері мен айырмашылықтарын айту.	Қорытындысында нақты әрі түсінікті ақпарат береді	Мұғалім сабақ басындағы проблемалық сұраққа оралып оқушылардан жауап беруін сұрайды.	

1	2	3	4	5
	Оқулықпен және арнайы ресурстармен, үлестірмелі материалдармен жұмыс: Оқушыларды 6 топқа бөліп, әр топқа сәулелінің бір түрін зерттеуге беріңіз және нәтижесін оқушылармен бірге талдаңыз. қ байланыс бар? Олардың ортақ қасиеттері қандай? «Неліктен радиотолқындар қатты денелерден, мысалы, қабырғалардан өтіп кете алады, ал көрінетін жарық толқындары көбінесе сіңіріліп немесе шағылысып кетеді? Бұл құбылысты толқын ұзындығы мен заттың қасиеттері тұрғысынан қалай түсіндіруге болады? Сабақтың тақырыбы мен мақсатын	Оқушылар «ЭМТ шкаласы» кестесін толтырады шкаласын дұрыс сипаттайды - Сәулелену түрлерінің қасиеттері мен қолданылуын дұрыс атайды		
білім 20 минут	9.4.4.2 механикалық толқындар мен электромагниттік толқындардың ұқсастығы мен айырмашылығын салыстыру; 9.4.4.3 электромагниттік толқындар шкаласын сипаттау және әртүрлі диапазондағы толқындардың қолданылуына мысалдар келтіру; 9.4.4.4 шыны призма арқылы өткен жарықтың дисперсиясына сапалы сипаттама беру.	топқа бөлінеді. Әр топқа сәулелінің бір түрін зерттейді, талдайды және нәтижені баяндайды. Қажеттілігіне	Үлестірмелі материал ретінде оқушыларға төмендегі қысқаша мәліметтер үлестіріледі:	
	1 топқа: Радио және телевизиялық байланыс (радио толқындар); 2 топқа: Спутниктік теледидар және телефондар (микро толқындар); 3 топқа: Электрлік аспаптар, теледидарлар және күзет сигнализациясы үшін қашықтан (дистанционды) басқару пульті (инфрақызыл сәулелену); 4 топқа: Көрінерлік жарықтың, оның құраушы түстерінің дисперсиясы. Оптикалық талшық (көрінерлік жарық)	3. Электромагниттік толқындардың адамға әсерін түсіндіру- Әрбір толқынның адам ағзасына әсерін сипаттайды		
	5 топқа: УК жарық – қауіпсіз кондырғы ретінде флуоресцентті материалдарды сканерлеу (ультрафиолет). 6 топқа: ЭМТ радиологиялық және инженерлік қолдану және қауіпсіздік (рентген сәулелері) ЭМТ медицинада қолдану, әсіресе, ісік ауруларын емдеуде (гамма-сәулелер).	Қауіпсіздік шараларын ұсынады 4. Сапалық есептерді шешу – Есеп шартын дұрыс түсінеді – Физикалық заңдылықтарға сүйеніп, дұрыс жауап береді 5. Рефлексия және белсенділік – Проблемалық сұрақтарға жауап бере алады – "Аяқталмаған сөйлем" әдісімен сабақтан түйген ойын жазады		
Бекіту 10 минут	Оқушылармен бірге төмендегі сұрақтарды талдау: – Микротолқындар мен рентген сәулелерін қолдану кезіндегі қауіпсіздік;	Оқушылар мұғаліммен бірге сұрақтарды талдауға қатысады	Сабақ басында оқушыларға 10 баллдық критериялы бағалау кестесі беріледі.	

1	2	3	3	4										
	- Балаларға мобильді телефонды қолдануға беру кезіндегі мүмкін болатын қауіп- қатерлер. - Күннен келетін ультракүлгін сәуленің қауіпін біле тұра, ультракүлгін сәуленің қауіпсіздігі туралы. - Аэропорттарда жүкті тексеруде қолданатын рентген аппараттарынан жолаушылар қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеді? Оқушылармен бірге ЭМТ сәулесінен қорғану ережесін құрастырыңыз: Мысалы:	Сапалық есептерді ауызша орындайды												
	– компьютермен жұмыс істегенде – қарапайым ережелерді сақтаңыз, таза ауада серуіндеуді әдетке айналдырыңыз, бөлмені желдетіп тұрыңыз, спортпен шұғылданыңыз. – ИҚ сәлелер шығаратын приборлармен жұмыс істегенде қауіпсіздік ережесін сақтаңыз. – ультракүлгін ванна қабылдау кезінде көзді УК сәуледен сақтау ережесін орынданыз. – флюорографиядан өту уақытын қатаң сақтаңыз.ілдiк?»	Өтілген жаңа тақырып бойынша материалдарды өз бетінше іздеп, көрсетілгенсұр ақтарға жауап жазады (жеке жұмыс).												
	қорғасын тұзына батырылған қолғап, алжапқыш және көзілдіріктерді қолданады? 1. Адамның асқазан – ішек ауруына ретгенодиагностика жасау кезінде не үшін «барий ботқасын» береді? 2. Қараңғыда жыландар бағытты қалай анықтайды? 3. Дат фирмасы «Лего» өзінің өнімдерінің құрамына рентген сәулесіне анық көрінетін барий сульфатын қоса бастады, неліктен деп ойлайсың? Сөйлемдерді толықтырындар: а) Өтімдігі өте жоғары сәулелену ____. ә) Ғарыш аппаратттарымен байланысты жүзеге асыру үшін _____ қолданады. б) Адамның көзіне көрінетін сәуле . в) Жеміс-жидектерді кептіру кезінде _____ қолданады. Жауаптары: а) Гамма ә) Радиотолқындар б) Көрінетін жарық , в) Инфрақызыл сәулелер 3-кезең. Қорытынды. «Біз нені 	Әр бұтаққа толқын диапазонын, ал жапырақтарға олардың қолданылуын жазады.	жерде, қалай ЭМТ кездестіретінін, қолданатынын физикалық терминдерді дұрыс қолдана отырып сипаттап жазып келу тапсырылады Оқушылардан проблемалық сұраққа жауап береді (2 кесте). <table><tr><th>Сәулелену түрі</th><th>Мазмұны</th></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table>	Сәулелену түрі	Мазмұны									Өзара тексеру және өзара бағалау. Рефлексия «Аяқталмаған сөйлем» Мен бүгін мынаны түсіндім..... себебі..... Оқушыларға дайын кестені ұсыну арқылы «Электромагниттік толқындар» Mind-map картаны (ментальды карта) толтыруын сұраңыз (картаны ағаш түрінде кескіндейді: тамыры – үдемелі қозғалған зарядталған бөлшектер бағаны; бұтақтары – диапазондары; жапырағы
Сәулелену түрі	Мазмұны													

2 кесте – Үйге берілген тапсырмаға төмендегідей бағалау критерийін ұсынамыз:

Критерий	Түсінікті болуы (2 балл)	Дәлелдер мен мысалдар (3 балл)	Физикалық терминдерді қолдануы (3 балл)	Қорытынды және өзіндік ойы (2 балл)	Жалпы балл (10 балл)
Сипаттамасы	Оқушының жауабы нақты, логикалық жүйелі құрылымдалған	ЭМТ нақты мысалдармен келтірілген	Физикалық терминдер дұрыс әрі орынды қолданылған	Жеке пікірі мен қорытындысы бар	10 балл

Қазіргі білім беру жүйесінде оқытудың дәстүрлі әдістерімен қатар, оқушылардың белсенділігін арттыруға және олардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған инновациялық әдістерді қолдану өзекті мәселеге айналып отыр. Осы тұрғыда проблемалық оқыту әдісі (PBL) тиімді педагогикалық технологиялардың бірі ретінде ерекше назар аудартады.

Проблемалық оқыту әдісін тиімді қолдану үшін оның құрылымдық кезеңдерін дұрыс ұйымдастыру қажет (1-кесте). Біз зерттеу барысында проблемалық оқыту әдісін негізге ала отырып, оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы тапсырмалар жиынтығын әзірледік. Аталған тапсырмалар проблемалық оқыту әдісінің негізгі үш кезеңін қамтиды: 1-ші кезең: «Ой қозғау немесе ой шақыру (evocation); 2-ші кезең: «Жүзеге асыру» (realization); 3-ші кезең «Рефлексия немесе ой толғау» (reflection). Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлауына ықпал етіп, ақпаратты толық түсініп, қабылдауға, игеруге мүмкіндік береді. Мысал ретінде төмендегі сабақ жоспарын ұсынып отырмыз (1-3-ші кестелер).

3 кесте – Критериалды бағалау кестесі (10 баллдық жүйе)

Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Ұпай (0-10 балл)
1. Электромагниттік толқындар шкаласын түсіну	– Толқындар шкаласын дұрыс сипаттайды – Сәулелену түрлерінің қасиеттері мен қолданылуын дұрыс атайды	0-2
2. Топтық жұмыс: зерттеу жүргізу және презентация жасау	– Берілген сәулені зерттейді және дұрыс қорытынды жасайды – Презентацияда нақты әрі түсінікті ақпарат береді	0-2
3. Электромагниттік толқындардың адамға әсерін түсіндіру	– Әрбір толқынның адам ағзасына әсерін сипаттайды – Қауіпсіздік шараларын ұсынады	0-2
4. Сапалық есептерді шешу	– Есеп шартын дұрыс түсінеді – Физикалық заңдылықтарға сүйеніп, дұрыс жауап береді	0-2
5. Рефлексия және белсенділік	– Проблемалық сұрақтарға жауап бере алады – «Аяқталмаған сөйлем» әдісімен сабақтан түйген ойын жазады	0-2

Сапалық есептер:

1. Дәрігер рентгенологтар жұмыс істеу кезінде қорғасын тұзына батырылған қолғап, алжапқыш және көзілдіріктерді қолданады? (Қорғасын және қорғасын тұзы рентген сәулесін жақсы жұтады).

2. Адамның асқазан – ішек ауруына ретгенодиагностика жасау кезінде не үшін «барий ботқасын» береді? (Барийдің сұр қышқыл тұзы ретген сулесін жақсы жұтады, адамның жұмсақ тіндерінің (асқазан, ішек) көрінуін жүзеге асырады).

3. Қараңғыда жыландар бағытты қалай анықтайды? (Жыландар қараңғыда электромагниттік толқындардың бір түрі – инфрақызыл сәулелерді сезіну арқылы бағдарланады. Олардың басында мұрын тесіктеріне ұқсас екі арнайы шұңқыр бар. Ғалымдар зерттегенде, бұл мүшелер жыландарға инфрақызыл толқындарды қабылдауға мүмкіндік беретін ерекше сенсор екенін анықтады. Жыланының бұл сезім мүшесі өте жоғары дәлдікке ие, сондықтан ол мыңнан бір градус температура айырмашылығын анықтай алады. Егер түнде 200 метр қашықтықта тышқан жүрсе, оның денесінен бөлінетін инфрақызыл сәулелерді жылан лезде байқап, орнын анықтайды.

Бұл – электромагниттік толқындардың тірі ағзалар үшін маңыздылығының бір дәлелі. Дат фирмасы «Лего» өзінің өнімдерінің құрамына рентген сәулесіне анық көрінетін барий сульфатын қоса бастады, неліктен деп ойлайсың? (Даттық «Лего» компаниясы өз өнімдеріне барий сульфатын қосып, оны рентген сәулелерінде жақсы көрінетін етті. Бұл шешім электромагниттік толқындардың бір түрі – рентген сәулелерінің қасиеттеріне негізделген. Егер кішкентай бала ойыншық бөлшегін байқамай жұтып қойса, дәрігерлер рентген зерттеуі арқылы оны оңай анықтай алады (4 кесте). Бұл – электромагниттік толқындардың медицинада қолданылуына керемет мысал).

4 кесте – Электромагниттік толқындар

Сәуленің аталуы	Жиілігі, Гц	Шығаратын көзі	Қасиеттері
Төменгі жиілікті	$3 \cdot 10^{-3}$ - $3 \cdot 10^3$	Генераторлар (50 Гц). Айнымалы ток өтіп тұрған өткізгіштер.	Аз қашықтыққа тарайды
Төменгі жиілікті	$3 \cdot 10^{-3}$ - $3 \cdot 10^3$	Генераторлар (50 Гц). Айнымалы ток өтіп тұрған өткізгіштер.	Аз қашықтыққа тарайды
Радиотолқындар	$3 \cdot 10^3$ - $3 \cdot 10^{12}$	Тербелмелі контур	Ақпарат тасымалдайды, ионосферадан шағылады
Инфрақызыл	10^{12} - 10^{14}	Қызған денелер (Күн, жұлдыздар, электрлік доғалық разряд, шам кыл сымы)	Фотопластинкада химиялық әсер қалдырады, денелерде жұтылады, қыздырады, көрінбейді
Көрінетін жарық	$4 \cdot 10^{14}$ – $8 \cdot 10^{14}$	Табиғи және жасанды. Күн сәулесі, шам жарығы, от, 800°C температураға дейін қызған денелер	Шағылуы, сынуы, дисперсия, дифракция, интерференция
Ультракүлгін	10^{14} - 10^{16}	Күн, кварц шамдар, 1000 °C-ден жоғары қызған қатты денелер	Ионизация, фотосинтез, көрінбейді, химиялық белсенді, өтімділігі жоғары.
Рентген сәулесі	10^{16} - 10^{20}	Рентген түтік. Күн тәжі	Ионизация, көрінбейді, химиялық белсенді, өтімділігі жоғары. Шағылуы, сынуы, дисперсия, дифракция, интерференция
Гамма сәулелену	10^{20}	Радиоактивті ядролар ыдырауы кезінде	Ионизация, көрінбейді, химиялық белсенді, өтімділігі жоғары. Шағылуы, сынуы, дисперсия, дифракция, интерференция. Магнит өрісінде ауытқымайды.

Проблемалық оқыту әдісін қолдану оқушылардың өз бетінше жұмыс жасауына, сұраққа ойланып, жауап іздеуіне бағыттайтын белсенді, тиімді әдістердің бірі болып табылады. Проблемалық сұрақтар, зерттеу тапсырмалары және сапалы есептер арқылы оқушылар алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйренеді.

Оқушыларға физика пәнін оқытуда сыни ойлау қабілетерін дамытуға бағытталған тапсырмаларды орындату арқылы, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, белсенді оқушыға айналдыруға мүмкіндік туады. Яғни, оқушылар ақпаратты талдау, бағалау және қолдану қабілеттеріне ие болып, нақты өмірлік мәселелерді тиімді шешуге бейімделген тұлғаға айналады. Сонымен қоса, мұғалімдер де инновациялық оқыту әдістерін қолдану мүмкіндігіне ие болып, оқушылардың өзіндік көзқарасын қалыптастырып, оқу процесінің тиімділігін арттырады.

Проблемалық оқыту әдісі арқылы ұйымдастырылған сабақ барысында оқушылардың пәнді тереңірек түсінуіне және сыни ойлау дағдыларының дамуына оң ықпал ететін бірнеше артықшылықтар анықталды:

1. Проблемалық сұрақтармен жұмыс: сабақ басында қойылған ашық сұрақтар оқушылардың логикалық ойлауын, болжам жасау қабілетін дамытады. Оқушылар тақырып бойынша өз гипотезаларын ұсынады, жаңа білімді меңгергеннен кейін оларды салыстырып, талдау жүргізеді. Бұл танымдық белсенділікті арттырып, жаңа ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

2. Жаңа материалды меңгеру және зерттеу дағдысы: «Электромагниттік толқындар шкаласына саяхат» презентациясы арқылы визуалды, есту және логикалық ойлау дағдылары қалыптасады. Топтық жұмыс кезінде әр топ сәуленің белгілі бір түрін зерттеп, ақпарат жинайды, оны презентация түрінде қорғап, ақпаратты өңдеу және қорытынды жасау дағдыларын дамытады. Бұл үдеріс оқушылардың ақпаратты өңдеу, қорытынды жасау және өз көзқарасын ғылыми дәлелдермен негіздеу қабілетін дамытады.

3. Салыстыру және талдау қабілеті: Әртүрлі электромагниттік сәулелердің қасиеттерін, қолданылуын және адамға әсерін салыстыру оқушыларға аналитикалық ойлау қабілетін жетілдіруге көмектеседі. Бұл тәсіл ғылыми деректерді талдауға және олардың практикалық маңызын түсінуге мүмкіндік береді.

4. Қауіпсіздік шараларын талқылау: Электромагниттік толқындардың қауіпті және пайдалы жақтарын талдау, қорғану әдістерін ұсыну – тәжірибелік ойлау дағдыларын қалыптастырады. Күнделікті өмірде кездесетін қауіптерді сараптау және олардан қорғану жолдарын ұсыну – жауапкершілікті шешім қабылдау дағдысын дамытады. Үнделікті өмірде кездесетін қауіптерді талдап, олардан қорғану жолдарын ұсыну жауапкершілікпен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады.

5. Сапалық есептерді шешу: Берілген сұрақтар мен есептер логикалық ойлау, дәлелдер келтіру, бұрынғы білімді жаңа контексте қолдану дағдыларын жетілдіреді.

6. Рефлексия және өз ойын еркін жеткізу: «Аяқталмаған сөйлем» әдісі оқушының жеке көзқарасын, сабақтан түйгенін тұжырымдап айтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өзара бағалау үдерісінде оқушылар бір-бірінің жұмысын талдап, кері байланыс береді. Бұл олардың сыни көзқарасын қалыптастыруға және өзіндік бағалау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Әр жаңа тақырыпты түсіндіру барысында оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту бағытталған проблемалық оқыту әдісі айтарлықтар оң әсерін берді. Оны төмендегі 5-ші кестеден көруге болады.

5 кесте – Ақмола облысының жалпы білім беретін №2 Қосшы орта мектебінің 9-сынып оқушыларымен жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері

Тоқсандық бақылаулар	Экспериментке дейінгі оқушылардың оқу үлгерімі	Эксперименттен кейінгі академиялық нәтиже	Сыни тұрғыдан ойлау деңгейі	Оқушылардың пәнге деген қызығушылық
1-ші тоқсан	Төмен	Жақсарды	Бастапқы деңгей қалыптаса бастады	Көпшілігінде пәнге деген қызығушылықтары аса байқалмады
2-ші тоқсан	Орташа	Орташадан жоғары	Даму үстінде	Оқушылардың қызығушылықтары арта бастағаны байқалады
3-ші тоқсан	Орташа/орташадан жоғары	Жоғары	Дамуында жақсарулар байқалды	Көпшілігінде жоғары қызығушылықтары байқалды
4-ші тоқсан (эксперимент соңы)	Көпшілігінде жақсарды	Көпшілігінде жоғары	Айтарлықтай жақсарды	Айтарлықтай жақсарды

Бұл нәтижелер проблемалық оқыту әдістерінің тиімділігін растай отырып, оны оқыту процесінде қолданылу мүмкіндігін айқындайды. Проблемалық оқытуды әдісі оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, аналитикалық ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық эксперименттік зерттеу нәтижесі бұл әдістің сыни ойлауды жақсартуға ықпал ететінін растады. Бірақ оларды сәтті жүзеге асыру үшін оқу бағдарламаларын бейімдеу және мұғалімдердің біліктілігін арттыру қажеттігін көрсетті. Осылайша, физиканы оқыту процесінде сыни ойлауды тиімді дамыту үшін белсенді оқытуды, цифрлық технологияларды пайдалануды және оқушылардың өз бетінше ізденуге жағдай жасауды қамтитын кешенді білім беру стратегияларын жүзеге асыру қажет деген тұжырымға келдік.

Әдебиеттер тізімі

1. Agustina K., Kristiyanto W., Noviandini D. Learning design of problem based learning model based on recommendations of syntax study and contents issues on physics impulse materials with experimental activities // International Journal of Active Learning. – 2017. – Т. 2. – № 2. – P. 68-81.
2. Çelik Ö., Önder F., Silay İ. The Impact of Problem-Based Learning on Students' Success in Physics Course // Procedia – Social and Behavioral Sciences. – 2011. – Vol. 28. – P. 656-660.
3. Duron R., Limbach B., Waugh W. Critical Thinking Framework for Any Discipline // International Journal of Teaching and Learning in Higher Education. – 2006. – Vol. 17, № 2. – P. 160-166.
4. Juan M.H., Kunaviktikul W., Klunklin A., Williams B.A. Critical Thinking and Nursing Education // Nursing and Health Sciences. – 2008. – Vol. 10. – P. 70-76.
5. Nicholas G., Muwong K.M., Joseph N. The Role of the Problem-Based Learning Approach in Teaching and Studying Physics: A Systematic Literature Review // F1000Research. – 2023. – Vol. 12. – P. 951.
6. Agustin N.W., Sarwanto S., Supriyanto A. Problem Based Learning on Newton's Law: Can It Improve Student Creativity? // Jurnal Pendidikan Sains Indonesia (Indonesian Journal of Science Education). – 2021. – Т. 9. – № 4. – P. 528-539.
7. Selçuk G.S., et al. The Effects of Problem-Based Learning on Pre-Service Teachers' Achievement, Approaches, and Attitudes towards Learning Physics // International Journal of the Physical Sciences. – 2010. – Vol. 5, № 6. – P. 711-723.
8. Suastra I.W., et al. Effectiveness of Problem-Based Learning Physics Module with Authentic Assessment to Improve High School Students' Ability to Solve Physics Problems and Critical Thinking Skills // Journal of Physics: Conference Series. IOP Publishing. – 2019. – Vol. 1171, № 1. – P. 012027.
9. Suradika A., Dewi H.I., Nasution M.I. Project-based learning and problem-based learning models in critical and creative students // Jurnal Pendidikan IPA Indonesia. – 2023. – Т. 12. – № 1. – P. 153-167.
10. Sulaiman F. The effectiveness of Problem-Based Learning (PBL) online on students' creative and critical thinking in physics at tertiary level in Malaysia: dis. – University of Waikato, 2011.
11. Wenno I.H., Jamaludin J., Batlolona J.R. The effect of problem based learning model on creative and critical thinking skills in static fluid topics // Jurnal Pendidikan Sains Indonesia (Indonesian Journal of Science Education). – 2021. – Т. 9. – № 3. – P. 498-511.

МЕТОДЫ ФОРМИРОВАНИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ ФИЗИКЕ

Г.М. Аралбаева, У.Ж. Ахилбекова*, А.А. Абдрахметова
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
г. Астана, Казахстан

*e-mail: Sharkulkyzy@mail.ru

Аннотация: В данном исследовании рассматриваются способы эффективного применения методов проблемного обучения с целью развития критического мышления учащихся при изучении физики. Исследование проводилось в 2023-2024 учебном году с участием учеников 9-го класса общеобразовательной средней школы №2 в селе Косиы Акмолинской области. Метод проблемного обучения способствовал развитию логического и аналитического мышления обучающихся, поиску эффективных путей решения задач, а также обоснованию собственных точек зрения. В статье анализируются основные принципы проблемного обучения, его роль в формировании критического мышления, а также конкретные примеры применения на уроках физики. В ходе исследования учащимся предлагались проблемные вопросы, исследовательские задания и качественные задачи, что способствовало развитию навыков применения теоретических знаний в практических ситуациях. Экспериментальные данные подтвердили эффективность методов проблемного

обучения, доказав, что они повышают интерес учащихся к предмету и способствуют их активному участию в образовательном процессе. Результаты исследования могут быть полезны в педагогической практике, при совершенствовании учебных программ и разработке методических рекомендаций.

Ключевые слова: критическое мышление, методы обучения физике, метод проблемного обучения (PBL), образовательный процесс, проблемные ситуации, технологии обучения.

METHODS FOR DEVELOPING CRITICAL THINKING IN PHYSICS EDUCATION

G.M. Aralbayeva, U.Zh. Akhilbekova*, A.A. Abdrakhmetova

L.N. Gumilyov Eurasian National University,

Astana, Kazakhstan

*e-mail: Sharkulkyzy@mail.ru

Abstract: This study explores effective ways of applying problem-based learning methods to develop students' critical thinking skills in physics education. The research was conducted during the 2023-2024 academic year with the participation of 9th-grade students from Secondary School No. 2 in Kosshy, Akmola Region. The problem-based learning method facilitated the development of students' logical and analytical thinking, the search for effective problem-solving strategies, and the ability to justify their viewpoints.

The article analyzes the key principles of problem-based learning, its role in fostering critical thinking, and specific examples of its application in physics lessons. During the study, students were presented with problem-based questions, research assignments, and qualitative problems, which helped enhance their ability to apply theoretical knowledge in practical situations. Experimental data confirmed the effectiveness of problem-based learning methods, demonstrating that they increase students' interest in the subject and encourage active participation. The study's findings can be useful in pedagogical practice, curriculum development, and the creation of methodological guidelines.

Keywords: critical thinking, physics teaching methods, problem-based learning (PBL), educational process, problem situations, teaching technologies.

Авторлар туралы мәлімет

Г.М. Аралбаева – PhD, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: agm_555@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6827-5567>

У.Ж. Ахилбекова* – магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: Sharkulkyzy@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-4864-520X>

А.А. Абдрахметова – PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы, ³e-mail: abdrakhmetova_ain@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0001-4694-9081>

Сведения об авторах

Г.М. Аралбаева – PhD, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан, e-mail: agm_555@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6827-5567>

У.Ж. Ахилбекова* – магистрант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан, e-mail: Sharkulkyzy@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-4864-520X>

А.А. Абдрахметова – PhD, и.о. ассоциированного профессора, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан, e-mail: abdrakhmetova_ain@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0001-4694-9081>

Information about authors

Aralbayeva G.M. – PhD, Associate Professor, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: abdrahmetova_ain@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0001-4694-9081>

Akhilbekova U.Zh.* – master's student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: Sharkulkyzy@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-4864-520X>

Abdrakhmetova A.A. – PhD, Associate Professor (Acting) of the «Technical Physics» Department, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: abdrahmetova_ain@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0001-4694-9081>

МРНТИ: 14.15.27

ОРТА МЕКТЕПТЕ НАНОТЕХНОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Эрболат Агеркей*, А.Ж. Қайнарбай
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ, Қазақстан
*e-mail: Akerkeerbolat01@gmail.com

***Аңдатпа:** Қазіргі уақытта нанотехнология ғылым мен техниканың барлық дерлік салаларында үлкен сұранысқа ие. Оның жетістіктері медицина, генетика, клондау, электроника, машина жасау, ауыл шаруашылығы сияқты көптеген салаларда жаңа материалдар алуға және өндірістік процестерді жетілдіруге мүмкіндік береді. Нанотехнологияның қарқынды дамуы жаңа ғылыми бағыттардың пайда болуына ықпал етіп, заманауи қоғамның қажеттіліктеріне жауап беруде.*

XX ғасырда ақпараттық технологиялар мен компьютерлендіру өркениеттің дамуына серпін берсе, XXI ғасыр нанотехнологиялар ғасырына айналуға. Бұл ғылым атомдық-молекулалық деңгейде материалдарды, құрылғыларды және жүйелерді басқаруға мүмкіндік береді. Нанотехнологияны тиімді пайдалану инновациялық шешімдерді енгізуге, жаңа ғылыми әзірлемелерді жүзеге асыруға және қоғамның ғылыми-техникалық прогресін ілгерілетуге жағдай жасайды. Осы зерттеуде нанотехнологияның қазіргі даму деңгейі, оның әртүрлі салалардағы рөлі және болашақтағы мүмкіндіктері қарастырылады. Нанотехнологияның білім беру жүйесіндегі маңыздылығы ерекше атап өтіліп, оның мектеп бағдарламасына енгізілуінің қажеттілігі талқыланады.

***Түйін сөздер:** наноғылымдар; нанотехнологиялар; орта мектеп; ғылыми білім; жаратылыстану пәндерінің оқу жоспарын реформалау.*

Көптеген қоғамдар болашақ ұрпаққа жарқын әрі тұрақты болашақ құру үшін сапалы білім беруге басымдық берілуде. Әрбір қоғам өз мәдениетін болашақ ұрпаққа таныстырып, ғылыми ақпарат пен жетістіктерін жеткізуі керек. Білім ортақ құндылықтарға негізделген әлемді құрудың құнды құралы болып табылады және ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде ұйымдастырылуы қажет. Бүгінгі таңда дамуды қалайтын әрбір мемлекет ақпаратқа қол жеткізе алатын, оның шынайылығын бағалай алатын, түрлі жағдайларға жан-жақты көзқараспен қарайтын және заманауи технологияларға бейімделе алатын жеке тұлғаны тәрбиелеуді мақсат етеді. Сондықтан әрбір мемлекет білім беру жүйесін қайта құрылымдау жұмыстарын бастауы керек. Білім беру қоғам мен әлемнің болашағына қатысты өзекті мәселелерді шешуге бағытталуы керек. Технология қарқынды дамыған заманда адамдар техникалық білім мен заманауи технологияларды меңгеруі қажет. Осыған орай, орта мектепте білім беру деңгейінен бастап ғылыми жетістіктерді және олардың практикалық қолданылуын оқу үдерісіне енгізу маңызды. Наноғылым және Технология осы технологиялық әзірлемелердің бірі болып табылады. Наноғылым және Технология (НГТ) 1-ден 100 нм-ге дейінгі атомдық, молекулалық және субмолекулярлық деңгейде жұмыс істеуді білдіреді. Бұл саладағы білім беру процесі

наноөлшемді процестерді, нанокұрылымдарды және наноөлшемді мәселелерді түсіндіруге бағытталған. Нанотехнологиямен байланысты ғылыми жетістіктердің қарқынды дамуы медицина, тоқыма өнеркәсібі, көлік, құрылыс, косметика, қорғаныс және информатика сияқты әртүрлі салаларға жаңа өнімдерді енгізуге мүмкіндік береді [1].

Бұл заман нанотехнологиялар дәуірі болып табылады; сондықтан өндірілетін ақпарат нанотехнологиялық сипатқа ие болуы тиіс. Наноғылым мен технология – бұл физика, химия, биология, инженерия және ақпараттық технологиялар сияқты салаларды біріктіретін, НҒТ зерттеулері мен өнімдерін әзірлеуге бағытталған көп салалы ғылым [2].

Наноғылым және нанотехнология саласында терең және жүйелі білім алған, тиісті дайындықтан өткен адам ресурстары саланың дамуына маңызды үлес қосады. Сонымен қатар, олардың осы саладағы түсінігі мен тәжірибесі болашақ ұрпаққа оң ықпал етіп, ғылыми көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді. Осыған байланысты, қазіргі және болашақ қоғамды құрайтын оқушыларды осы пәнге бейімдеп, дайындау маңызды. Елдің әл-ауқатын арттыру үшін олардың білімін жетілдіруге бағытталған оқыту үдерісін күшейту қажет [3].

Соңғы бірнеше жылда НҒТ көмегімен көптеген зерттеулер жүргізілді. НҒТ оқу жоспарында көрсетіледі деп күтілуде, өйткені бұл саладағы зерттеулер мен инвестициялар көбейуде. АҚШ-та АҚШ Ұлттық Ғылым Қоры (ҰҒҚ) осы жұмыстардың тиімді жалғасуын қамтамасыз ету үшін наноөлшемді ғылым мен инженерлік зерттеулерге федералды қолдау мен қаржыландырудың негізгі көзі болып табылады. Сонымен қатар, Ұлттық ғылым және технологиялық кеңес федералды НҒТ дамуын үйлестіру үшін 2000 жылы Ұлттық нанотехнологиялық бастамасын (ҰНБ) құрды [4]. ҰҒҚ-ы НҒТ-ны мектеп оқу бағдарламаларына енгізу және оны дамыту бойынша зерттеулерді Наноөлшемді ғылым және инженерия саласындағы оқыту мен оқытудың ұлттық орталығы арқылы қаржыландыру үшін жұмыс істейді. Нәтижесінде ҰҒҚ гранттары мен наноөлшемді ғылым бойынша ғылыми білім беру зерттеулері соңғы уақытта көбейіп, дамыды [3]. Соңғы 15 жылда федералды үкімет ҰНБ қамқорлығымен қоғамның игілігі үшін наноөлшемде материяны түсіну және басқару үшін, қосымшаларды әзірлеу үшін 22 миллиард доллардан астам инвестициялады. Осы нанотехнологияларды қолдайтын қолданбалар күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналғандықтан, кейбір мемлекеттер нанотехнология тұжырымдамаларын K-12 ғылым стандарттарына енгізді, бұл оқушылар наноөлшемдегі материалдардың әрекеті туралы негізгі түсінікке ие болады [5].

НҒТ зерттеулері бүкіл әлемде күн сайын қарқын алуда және оны қолдану күнделікті өмірде маңыздылыққа ие болуда. Американың Ұлттық ғылыми қоры үшін дайындалған есепте 2015 жылы адамдар бүкіл әлемде НҒТ білімі бар көптеген түрлі мамандықтарда жұмыс істейтін болады деп болжаған. Нанотехнологияларды қолданудың көбеюіне байланысты қазіргі мектептің жаратылыстану пәндерінің оқу бағдарламасын оқушылардың өміріне қатысты және мағыналы НҒТ тұжырымдамаларын біріктіру арқылы жаңарту қажеттілігі туындады. Бүкіл әлемде әртүрлі деңгейлерде НҒТ білім беруге шақырулар бар. Наноғылымдық білімге шақырулар тек академиялық деңгейге қатысты емес: әртүрлі ұйымдар НҒТ мазмұны міндетті білім беруде оқытылуы керек және жалпы жұртшылықтың НҒТ туралы хабардар болуы мен араласуына ықпал ету керек деп санайды. Рефлексия ретінде көптеген елдер НҒТ біліміне мән бере бастады. Жапония мен АҚШ осы мақсатқа инвестиция құйып отырған жетекші елдер. Әсіресе АҚШ-та Наноөлшемді ғылым және инженерия саласындағы оқыту мен оқытудың ұлттық орталығы және наноөлшемді бейресми ғылыми білім беру сияқты мекемелер семинарлар, жазғы мектептер, зертханалар және мектептен тыс мұражайлар, көрме курстарын және НҒТ оқытуға арналған лагерь бағдарламаларын ұйымдастырды. НҒТ пәндерін орта мектеп бағдарламасына (физика, химия, биология) кіріктіру жұмыстары күшейді. Ресми білім беруден бөлек, азаматтарға арналған бағдарламалар әзірленді. Көптеген ұйымдар НҒТ білім беру үшін әртүрлі елдерде бағдарламаларды (Nanoworld Cineplex, NanoVenture, Materials World Modules, Nanocos Nano for Kids, Nanohigh және NanoEducation Summit) жүзеге асырды. АҚШ сияқты, басқа еуропалық елдер де НҒТ күштерін күшейтті. Азия елдеріне келетін болсақ, Жапония НҒТ-ны R&D (зерттеу және даму) зерттеулерін қолдайтын екінші ел, одан кейін Қытай, Корея, Тайвань және Сингапур [1, 4].

Әдебиеттерде орта мектептің курстық бағдарламасы бойынша басылымдардың көбірек болуының қажеттілігі назар аудартады. Көптеген елдерде НҒТ ешқандай орта мектептің жаратылыстану пәндерінің оқу бағдарламаларында міндетті пән, бөлім немесе тарау болып табылмайды (Болгария, Чехия, Дания, Греция, Италия). Ол орта мектеп бағдарламасына және университеттердің тиісті кафедраларына міндетті немесе факультативтік курс ретінде енгізілген [4].

Әдебиеттерде тәжірибелік іс-әрекеттер, модельдер, модельдеу, оқушыға бағытталған білім беру, мектептен тыс оқыту, жобалық оқыту, ойын арқылы оқыту, мультимедиялық және фильмдер, демонстрациялар, ауызша презентациялар сияқты оқытудың әртүрлі әдістері мен эксперименттер және белсенді оқыту НҒТ оқыту үшін пайдаланылады. Бұл әдістердің әрқайсысы НҒТ оқытуда тиімді болды. Елдің дамуы үшін НҒТ бойынша білім беруді қолдайтын мемлекеттік қызметтер, жеке мекемелер, ұйымдар мен компаниялар және НҒТ бағдарламаларының қамтылуы 1-кестеде келтірілген [4, 6].

1-ші кестедегі елдер мен зерттеулер негізінен жоғары деңгейлі және академиялық болып табылады. Көптеген елдерде (Хорватия, Италия, Германия, Греция және т.б.) «Материалдар мен материалдардың қасиеттері», «Атомдар, ядролар және элементар бөлшектер», сондай-ақ оқу бағдарламасына «Қазіргі әлем үшін ғылымдар» және «Ғылыми зерттеулердің негізгі принциптері» курстары қосылып, НҒТ бойынша білім беріледі [1, 6]. Нанотехнология инженерия және ғылым бойынша оқу бағдарламаларының маңызды бөлігіне айналды. Сондықтан НҒТ білімі академиялық, орта мектеп және төменгі деңгейлерде міндетті болуы керек.


1 кесте – Нанотехнология бойынша зерттеулер

Ел	Институт / ұйым / компания	Нанотехнологиялық бағдарламалардың қамтылуы
1	2	3
АҚШ	NNI, NFS, DOD, DOE, NIH, DARPA, SEMATEC, NSTC, UNU, MIT.nano, PU (Принстон университеті), MSU, Пенсильвания университеті	Нанокұрылымның қасиеттері, синтез және өңдеу, сипаттау және манипуляциялау, модельдеу және симуляция, құрылғы және жүйе концепциялары, наноөлшемді жүйелік биология, микрофабрикация, нанотехнология негіздері, наноэнергетикалық тасымалдау, микро және наносұйықтықтар
Жапония	JRCAT, RIKEN, AIST, NRI, MEXT, NIMS, JAERI, METI, NEDO, AIST, MPHPT, MAFF, JSPS, JST	Желілер және нанокұрылғылар, наноматериалдар, нанометрология және өндіру, жаратылыстану ғылымдары (биотехнология), наноэкология, наноэнергетика
Австралия	Monash University Clayton Campus, Queensland University	Материалдардың нанокұрылымы, наноматериалдар және сипаттау, микро/нано қатты дене және сұйық механика
Германия	BMBF	Наноэлектроника, нанобиотехнология, наноматериалдар, наносенсорлар
Франция	CNRS, CEA-Leti, ADEME	Нанотехнологияны қолдану салаларындағы жұмыстар (информатика, байланыс, энергетика, экология, құрылыс, көлік, авиация, өндіріс)
Ұлыбритания	DTI, NION, NSC, UIC, IRC, Leeds University	Нанофабрикация, нано-электромеханикалық жүйелер
Сингапур	Nanyang Technological University (NTU), NUS	Сипаттау, беткі химия, наноматериалдар, нанофотоника, наноақпараттық сақтау
Канада	West Ontario University	Нанотехнологияның қоршаған ортаға қолданылуы
Финляндия	TEKES, Финляндия академиясы, Білім министрлігі, FNBE	Электрониканы миниатюризациялау, беттік химия мен физиканы өнеркәсіптік пайдалану, табиғат және қоғам
Израиль	ICTAF	Нанокристалдар, нанотүтікшелер, нанохимия, наноматериалдар, наноробототехника және молекулалық робототехника

1	2	3
Тайвань	ITRI, National Tsing Hua University (NTHU), National Dong Hwa University (NDHU)	Наноматериалдар, наноөлшемдер, кванттық механика, нанобиотехнология
Ресей	TASAM, MIPT, MIET, TUSUR	Электрониканы миниатюризациялау, нано-электромеханикалық жүйелер, нанотүтікшелі қабықшалар, кванттық механика, наноматериалдар
Қытай	Қытай Ғылым Академиясы (CAS), Цинхуа университеті, Пекин университеті, NEC, SUMITOMO MITSUI	Наноқұрылым қасиеттері, синтез және өңдеу, сипаттау, беткі химия, наноэнергетикалық тасымалдау, наноматериалдар – көміртекті нанотүтікшелер
Үндістан	NST Consortium, Үнді институты, DST, INST, NST	Кванттық механика, наноэкология, наноэнергетика
Пәкістан	PINSAT, PIEAS	Материалдардың наноқұрылымы, нанобиотехнология, наноэкология, наноэнергетика
Түркия	UNAM, MAM, F3O, NNT, MCDP, Bilkent, Bosphorus, METU, Hacettepe, Marmara, Gazi, Anadolu университеттері, Gebze жоғары технологиялық	Наноөлшем, наноқұрылымды материалдар және олардың қолдану салалары, ғылыми әзірлемелер, наноэнергетика


Нанотехнологияның анықтамасы және тарихы

Ғылым мен техниканың ең қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі және қатты дене физикасы, химия, материалтану және молекулалық биология сияқты әртүрлі ғылымдарды біріктіретін нанотехнологияның қарқынды дамуы соңғы бірнеше жыл бойы байқалды (Сурет – 1) «Нано» префиксі «ергежейлі» немесе өте кішкентай нәрсені білдіретін грек префиксіне сілтеме жасайды және метрдің мың миллионнан бір бөлігін ($1 \text{ нм} = 10^{-9} \text{ м}$) білдіреді. Наноғылымның дамуын біздің эрамызға дейінгі 5 ғасырдағы гректер мен Демокрит заманынан байқауға болады, бұл кезде ғалымдар материяның үздіксіз бе, осылайша шексіз ұсақ бөлшектерге бөлінетіні немесе ұсақ, бөлінбейтін және бұзылмайтын бөлшектерден тұратыны туралы мәселені қарастырған.



Сурет – 1 XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы ғылымның дамуы
Ескерту – дереккөз негізінде жасалған [7]

Оны ғалымдар қазір атомдар деп атайды. Молекуланы құрайтын осы атомдар арасындағы қашықтық шамамен $0,14 \text{ нм}$. Бұл қашықтықта шамамен 10 атомды орналастыруға болады. Сонымен, нанотехнологияның жетістіктері кез келген заттың физикалық қасиеттеріне атомдық деңгейде әсер ету арқылы жоғары беріктік сияқты әртүрлі қасиеттері бар басқа заттарды алуға болатынын көрсетеді. Нанотехнология – нано масштабта ($1\text{-}100 \text{ нм}$) зерттеулер мен өндірісті жүргізетін ғылым, техника және технологияның жиынтығы. Мысалы, газет бетінің қалыңдығы 100 мың нм болса, адам денесіндегі ДНҚ диаметрі $2,5 \text{ нм}$, адамның бір шашының қалыңдығы $80\text{-}100 \text{ нм}$, алтынның бір атомының диаметрі $0,33 \text{ нм}$ (Сурет – 2) [8, 9].



Сурет – 2 Наноматериал өлшемдерін салыстыру

Ескерту – дереккөз негізінде жасалған [9]

Нанотехнология ХХІ ғасырдағы жаңа экономикалық мүмкіндік және технологиялық революцияның төртінші толқыны ретінде қарастырылады. Бұл нанометрлік масштабта заттарды бақылау, өлшеу, манипуляциялау, жинақтау, басқару және өндіру арқылы nanoғылым теориясын пайдалы қолданбаларға айналдыру мүмкіндігі. Америка Құрама Штаттарындағы Ұлттық нанотехнологиялық бастама нанотехнологияны «бірегей құбылыстар химия, физика және биологиядан бастап медицина, инженерия және электроникаға дейінгі кең ауқымды салаларда жаңа қолданбаларға мүмкіндік беретін нано масштабта (1-ден 100 нмге дейін) жүргізілетін ғылым, техника және технология» ретінде анықтайды. Бұл анықтама нанотехнология үшін екі шарттың болуын болжайды:

Біріншісі – масштаб мәселесі: нанотехнология құрылымдарды нанометрлік масштабта пішіні мен өлшемін бақылау арқылы пайдалануға қатысты.

Екінші мәселе жаңашылдықпен байланысты: нанотехнология ұсақ заттарды олардың наномасштабтағы кейбір қасиеттерін тиімді пайдалану арқылы зерттеуі қажет [9].

Америкалық физик және Нобель сыйлығының лауреаты Ричард Фейнман 1959 жылы нанотехнология ұғымын енгізді. Америка физикалық қоғамының жыл сайынғы жиналысында Фейнман Калифорния технологиялық институтында «Төменде әлі де көп орын бар» (“There’s Plenty of Room at the Bottom”) атты лекциясын оқыды. Бұл лекцияда Фейнман «Неліктен біз Британ энциклопедиясының 24 томын түгелдей түйреуіштің басына жаза алмаймыз?» деген гипотеза жасады және кішірек машиналарды құрастыру және молекулалық деңгейге дейін машиналарды пайдалану көзқарасын сипаттады. Бұл жаңа идея Фейнманның гипотезаларының дұрыс дәлелденгенін көрсетті және осы себептерге байланысты ол қазіргі нанотехнологияның атасы болып саналады. Он бес жылдан кейін жапон ғалымы Норио Танигучи 1974 жылы алғаш рет «нанотехнология» терминін қолданып, анықтама берді: «нанотехнология негізінен материалдарды бір атом немесе бір молекула арқылы бөлу, біріктіру және деформациялауды өңдеуден тұрады» [9].

Қазақстанда нанотехнологияны білім беру жүйесіне енгізу мәселелері

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 01.09.2024 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет» [10]. Әлем білім беру жүйесіндегі өзгермелі болуына байланысты, Қазақстан білім беру жүйесі мен ғылымының бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Қазақстан Республикасында 2015-2016 оқу жылынан бастап жүргізіліп келе жатқан білім беру саласын жетілдіру жөніндегі реформа мектепке дейінгі білім беруден бастап, жоғарғы оқу орындарында оқуға дейінгі білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға бағытталған [11].

Қазақстанда мектеп білімін дамыту Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүзеге

асырылады. Негізгі мақсаттардың бірі: «Қазіргі қарқынды өзгеріп жатқан әлемде жалпы білім беретін мектептерде олардың барлық білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыратын интеллектуалдық, психикалық және рухани дамыған Қазақстан азаматтарын дамыту, өз орнын табуға көмектесу, сондай-ақ бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту» (Шоқанов, Озерной, Верещак, Манакова & Сергеева, 2010; 2018) [8].

Наноөлшемді объектілердің қасиеттері бір жағынан материалдардың әдеттегі қасиеттерінен, екінші жағынан жеке молекулалар мен атомдардың қасиеттерінен ерекшеленеді. Бұл өзіндік әдістері бар тұтас наноғылымның құрылуына әкелді және наноматериалдардың қасиеттерін және оларды нанометрлік деңгейде модификациялау әдістерін зерттеудің ең тиімді құралдары сканерлеуші зондты микроскоптар (СЗМ) болып шықты.

СЗМ микроскоптары кез келген ультра кішкентай объектілердің шамамен үлгілері мен дәл сипаттамаларын алуға арналған механизмдер болып табылады. Микроскоптың жұмыс істеу принципі зондпен аймақты сканерлеу болып табылады, ол оның жоғары сапалы үш өлшемді бейнесін аша алады. 2012 жылдан бастап оқу-ғылыми кешен жобасын жүзеге асыруды «Назарбаев Зияткерлік мектептері» АҚ жүзеге асыруда. Бұл Қазақстан Республикасындағы орта, жоғары және қосымша білім беру ұйымдарында нанотехнология негіздерін оқытуға арналған «Нанопедагог» сканерлеуші зондты микроскоп. Ұйым сонымен қатар жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми-зерттеу және жобалық қызметіне ғылыми басшылық жасаумен, мектептерде және университеттің ғылыми зертханаларында ғылыми және оқу жұмыстарын жүргізуге әдістемелік қолдау көрсетумен, оқу бағдарламаларын құрастыруда әдістемелік көмек көрсетумен айналысады [8, 12].

Ұсыныстар

Нанотехнологияны зерттеудің өзектілігі, наноғылым әлеміне «енуі», наноөлшемді денелерді зерттеуге қатысу материяның атомдық-молекулалық құрылымы мен кванттық физиканың негіздерін тереңдетудің маңызды факторы болып табылады.

Осылайша орта мектептерде «Нанотехнологиялар және наноматериалдар» бөліміне электронды кешен құруды ұсынамыз. Электронды кешен аясында оқушыларды оқытуда нанотехнология саласындағы ұғымдар енгізіледі деп болжануда: біріншіден, енгізу тәртібі, көлемі, сондай-ақ оқушыларға жалпы және эксперименттік физика, электродинамикалық, оптикалық физика, квалификация курстарында оқыту үшін нанотехнология саласы бойынша материалды таңдау критерийлері бойынша методологиялық ұсыныстар. Екіншіден, «Нанотехнология» курсы, нанотехнологияның жалпы принциптері мен міндеттерін және олардың қолданылуын, оның ішінде оқу жоспарын, дәріс мәтіндерін, зертханалық сабақтарды, жеке үй тапсырмаларын және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жобалауды қамтиды.

Бұл электронды кешен бағдарламасы жалпы орта білім беретін жаратылыстану-ғылыми, физика-математикалық және басқа бейіндік оқу орындарының оқушыларына арналған. «Нанотехнологиялар және наноматериалдар» теориялық және практикалық пән, оның негізі технология, математика, химия, биология және физика болып табылады.

Білімнің жаңа саласы оқушыға – наноматериалдардың қасиеттерінің ерекшеліктерімен, оларды алу және зерттеу әдістерін меңгеруге мүмкіндік береді. Сондай ақ нанотехнология саласындағы заманауи жетістіктер туралы түсініктерді қалыптастырып, оның даму перспективаларымен танысуға және оларды практикалық қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар іргелі жаратылыстану ғылымдарының маңыздылығы және олардың бір-бірімен байланысы туралы түсінік қалыптастырады.

Қорытынды

Нанотехнология – ғылым мен техниканың аса қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі. Оның медицина, электроника, ауыл шаруашылығы, материалтану сияқты көптеген салаларда кеңінен пайдаланылуы бұл бағыттың болашағы зор екенін көрсетеді. ХХІ ғасырда нанотехнологияның дамуы ғылым мен өндірісте жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, қоғамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектесуі мүмкін.

Білім беру саласында нанотехнологияны оқыту – жаңа технологияларды ерте жастан меңгеруге мүмкіндік беретін маңызды қадам болып табылады. Әлемдегі алдыңғы қатарлы елдер бұл бағытқа үлкен инвестициялар салып, мектеп бағдарламаларына нанотехнология элементтерін енгізіп жатыр. Қазақстанда да жаратылыстану пәндері арқылы нанотехнология негіздерін оқыту маңызды болып табылады. Бұл оқушылардың ғылыми танымын кеңейтіп, болашақта осы салада кәсіби мамандардың қалыптасуына негіз бола алады.

Жалпы, нанотехнология – тек ғылымның ғана емес, күнделікті өміріміздің де ажырамас бөлігіне айналып келеді. Оның даму қарқыны білім беру жүйесінің жаңа әдістемелерді қабылдауын талап етеді. Сондықтан оқыту бағдарламаларын жаңарту, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оқушылардың нанотехнологияға деген қызығушылығын дамыту – алдағы маңызды міндеттердің бірі.

Әдебиеттер тізімі

1. Bayda S. et.al. The history of nanoscience and nanotechnology: from chemical–physical applications to nanomedicine / Bayda S., Hadla M., Palazzolo S., Riello P., Corona G., Toffoli G., Rizzolio F. // *Molecules*. – 2019. – Т. 25. – № 1. – С. 112.
2. Budzik S. Nanotechnology in high school curriculum / S. Budzik, 2014.
3. Gocmen A., Karabulut H., Kariper I.A. A review of studies conducted in nanotechnology education: a meta-synthesis study / A. Gocmen, H. Karabulut, I.A. Kariper // *Discover Education*. – 2024. – Т. 3. – № 1. – С. 169.
4. Hingant B., Albe V. Nanosciences and nanotechnologies learning and teaching in secondary education: a review of literature / B. Hingant, V. Albe // *Studies in Science Education*. – 2010. – Т. 46. – № 2. – С. 121-152.
5. Jones M.G. et.al. Nanotechnology and nanoscale science: educational challenges / Jones M.G., Andre T., Superfine R., Taylor R. // *International Journal of Science Education*. – 2013. – Т. 35. – № 9. – P. 1490-1512.
6. Kaya N., Karataş H. Nanotechnology in the curriculum: a review of the literature / N. Kaya, H. Karataş // *International Journal of Physics and Chemistry Education*. – 2016. – Т. 8. – № 2. – P. 49-58.
7. Luther W. International strategy and foresight report on nanoscience and nanotechnology / W. Luther. – 2006.
8. NT-MDT Spectrum Instruments [Электрон. ресурс]. – 2020. – URL: <https://www.ntmdt.com> (дата обращения: 20.10.2025).
9. Shoiynbayeva G.T. et.al. RETRACTED: Methodological foundations of teaching nanotechnology when training future physics teachers / Shoiynbayeva G.T., Saduakas G.B., Abilmazhinov A.Z., Omarova A.S., 2021.
10. National Nanotechnology Initiative. Education and training [Электрон. ресурс]. – 2023. – URL: <https://www.nano.gov/education-training> (дата обращения: 20.10.2025).
11. Компетенции 21 века в национальных стандартах образования. Опыт Казахстана [Электрон. ресурс]. – URL: <https://youtu.be/QMh5ELpzVmc> (дата обращения: 20.10.2025).
12. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдау, 1 қыркүйек 2023 ж. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> (дата обращения: 20.10.2025).

References

1. S. Bayda et.al. The history of nanoscience and nanotechnology: from chemical–physical applications to nanomedicine / Bayda S., Hadla M., Palazzolo S., Riello P., Corona G., Toffoli G., Rizzolio F. // *Molecules*. – 2019. – Т. 25. – № 1. – S. 112.
2. Budzik S. Nanotechnology in high school curriculum / S. Budzik, 2014.
3. Gocmen A., Karabulut H., Kariper I.A. A review of studies conducted in nanotechnology education: a meta-synthesis study / A. Gocmen, H. Karabulut, I.A. Kariper // *Discover Education*. –

2024. – Т. 3. – № 1. – С. 169.

4. Hingant B., Albe V. Nanosciences and nanotechnologies learning and teaching in secondary education: a review of literature / B. Hingant, V. Albe // Studies in Science Education. – 2010. – Т. 46. – № 2. – С. 121-152.

5. Jones M.G. et.al. Nanotechnology and nanoscale science: educational challenges / Jones M.G., Andre T., Superfine R., Taylor R. // International Journal of Science Education. – 2013. – Т. 35. – № 9. – С. 1490-1512.

6. Kaya N., Karataş H. Nanotechnology in the curriculum: a review of the literature / N. Kaya, H. Karataş // International Journal of Physics and Chemistry Education. – 2016. – Т. 8. – № 2. – С. 49-58.

7. Luther W. International strategy and foresight report on nanoscience and nanotechnology / W. Luther. – 2006.

8. NT-MDT Spectrum Instruments [Elektron. resurs]. – 2020. – URL: <https://www.ntmdt.com> (data obrashcheniya: 20.10.2025).

9. Shoiynbayeva G.T. et.al. RETRACTED: Methodological foundations of teaching nanotechnology when training future physics teachers / Shoiynbayeva G.T., Saduakas G.B., Abilmazhinov A.Z., Omarova A.S., 2021.

10. National Nanotechnology Initiative. Education and training [Elektron. resurs]. – 2023. – URL: <https://www.nano.gov/education-training> (data obrashcheniya: 20.10.2025).

11. Kompetentsii 21 veka v natsional'nykh standartakh obrazovaniya. Opyt Kazakhstana [Elektron. resurs]. – URL: <https://youtu.be/QMh5ELpzVmc> (data obrashcheniya: 20.10.2025).

12. Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokayev. «Adilette Qazaqstannyn ekonomikalik bag'dary» atty Qazaqstan khalqyna zholdau, 1 qyrkuiek 2023 zh. [Elektron. resurs]. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adilette-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333> (data obrashcheniya: 20.10.2025).

ЗНАЧЕНИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРЕПОДАВАНИЯ НАНОТЕХНОЛОГИЙ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ

Эрболат Агеркей*, А.Ж. Қайнарбай

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

г. Астана, Казахстан

*e-mail: Akerkeerbolat01@gmail.com

Аннотация: В настоящее время нанотехнологии востребованы практически во всех областях науки и техники. Их достижения способствуют получению новых материалов и совершенствованию производственных процессов в таких сферах, как медицина, генетика, клонирование, электроника, машиностроение и сельское хозяйство. Интенсивное развитие нанотехнологий способствует появлению новых научных направлений и отвечает потребностям современного общества.

Если в XX веке информационные технологии и компьютеризация дали импульс развитию цивилизации, то XXI век становится веком нанотехнологий. Эта наука позволяет управлять материалами, устройствами и системами на атомно-молекулярном уровне. Эффективное использование нанотехнологий способствует внедрению инновационных решений, реализации новых научных разработок и продвижению научно-технического прогресса общества. В данном исследовании рассматриваются современный уровень развития нанотехнологий, их роль в различных сферах и перспективы будущего. Особое внимание уделяется значимости нанотехнологий в системе образования, обсуждается необходимость их внедрения в школьную программу.

Ключевые слова: нанонаука; нанотехнологии; средняя школа; научное образование; реформа учебного плана естественных наук.

THE IMPORTANCE AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF TEACHING NANOTECHNOLOGY IN SECONDARY SCHOOL

Erbolat Agerkey*, A.Zh. Kainarbay
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan

*e-mail: Akerkeerbolat01@gmail.com

Abstract: Currently, nanotechnology is in high demand in almost all fields of science and technology. Its achievements contribute to the development of new materials and the improvement of production processes in areas such as medicine, genetics, cloning, electronics, mechanical engineering, and agriculture. The rapid development of nanotechnology fosters the emergence of new scientific directions and meets the needs of modern society.

While the 20th century witnessed the rise of information technology and computerization, the 21st century is becoming the era of nanotechnology. This science enables the control of materials, devices, and systems at the atomic and molecular levels. The effective utilization of nanotechnology facilitates the implementation of innovative solutions, the realization of new scientific developments, and the advancement of scientific and technological progress in society. This study examines the current state of nanotechnology development, its role in various fields, and its future prospects. Special attention is given to the importance of nanotechnology in the education system, and the necessity of its integration into the school curriculum is discussed.

Key words: nanoscience; nanotechnology; secondary school; scientific education; reform of the natural sciences curriculum.

Авторлар туралы мәлімет

Эрболат Агеркей* – магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан, Akerkeerbolat01@gmail.com

А.Ж. Қайнарбай – ф.-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ. Қазақстан

Сведения об авторах

Эрболат Агеркей* – магистрант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан, Akerkeerbolat01@gmail.com

А.Ж. Қайнарбай – к.ф.-м.н., ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

Information about authors

Erbolat Agerkey* – master's student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, Akerkeerbolat01@gmail.com

Kainarbay A.Zh – C.Sc., Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhtan;

ГТАХР: 14.25.09

ФИЗИКА ПӘНІ БОЙЫНША ОЛИМПИАДАЛАРДЫҢ ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК ӘЛЕУЕТІН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

Ж.Қ. Өсербай*, Р.Н. Касымканова
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан
*e-mail: oserbay.zhanar@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада физика пәні бойынша олимпиадалардың дарынды оқушыларды ерте анықтау және қолдау жүйесіндегі рөлі қарастырылады. Олимпиадалық жарыстар оқушылардың пәндік білімдерін тереңдетіп қана қоймай, олардың сыни ойлауын, зерттеу дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін маңызды білім беру

құралы болып табылады. Зерттеу барысында 9-11 сынып оқушылары арасында сауалнама жүргізіліп, олимпиадаларға қатысу тәжірибесі мен академиялық жетістіктері талданды. Нәтижелер көрсеткендей, олимпиадаларға қатысатын оқушылардың физика пәнінен үлгерімі жоғары, мотивациясы мен когнитивтік қабілеттері жақсы дамыған. Сондай-ақ, олимпиадалық дайындықтың болашақ мамандық таңдауға оң әсер ететіні анықталды.

Олимпиадалық қозғалыстың тиімділігін бағалау үшін статистикалық талдау әдістері қолданылып, олимпиадаларға қатысушылар мен қатыспаған оқушылар арасындағы айырмашылықтар анықталды. Алынған мәліметтер негізінде олимпиадалар арқылы дарынды оқушыларды қолдаудың тиімді стратегиялары ұсынылды. Зерттеу нәтижелері олимпиадалық қозғалысты білім беру жүйесіне жүйелі түрде енгізудің маңыздылығын көрсетеді. Олимпиадалар оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Кілт сөздер: олимпиада, дарынды оқушылар, физика, когнитивтік қабілеттер, мотивация, білім беру стратегиялары.

Қазіргі білім беру жүйесінде зияткерлік қабілеті жоғары оқушыларды ерте кезеңде анықтау және оларды қолдау мәселесі өзекті зерттеу бағыты болып табылады. Физика пәні бойынша олимпиадалар осы үдерісте маңызды рөл атқарады, себебі олар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыруға және жоғары деңгейлі есептерді шешу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Олимпиадалық қозғалыстың дамуы жаратылыстану-математика бағытындағы ғылымдарға қызығушылықты арттырудың тиімді құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Алайда, олимпиадалардың дарынды оқушыларды ерте кезеңде анықтаудағы және оларды жүйелі түрде қолдаудағы орны мен рөлі әлі де толыққанды зерттелмеген. Бұл мәселе, әсіресе, оқушылардың олимпиадаларға қатысуының олардың зияткерлік дамуына әсерін талдау және білім беру үдерісіндегі олимпиадалардың орнына Олимпиадалық қозғалысқа қатысты ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу тұрғысынан өзекті болып табылады. Зияткерлік әлеуеті жоғары оқушыларды дер кезінде анықтау мен дамыту қажеттілігі және ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы жағдайында дарынды тұлғаларды қолдау жүйесін жетілдіру қажеттілігі зерттеудің өзектілігін айқындайды. Олимпиадалық жарыстар оқушылардың тек пәндік білімін бағалаумен шектелмей, олардың логикалық ойлауын дамытуға, стандартты емес есептерді шешу әдістерін меңгеруге және теориялық білімді қолданбалы деңгейде іске асыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты олимпиадалар арқылы дарынды оқушыларды анықтау мен қолдау тетіктерін ғылыми тұрғыдан талдау, білім беру ортасында оларды тиімді сүйемелдеу әдістерін әзірлеу және олимпиадалық қозғалыстың білім беру жүйесіне ықпалын бағалау қажеттілігі туындайды. Зерттеудің мақсаты – физика пәні бойынша олимпиадалардың дарынды оқушыларды ерте анықтау және қолдау жүйесіндегі маңыздылығын анықтау, сондай-ақ олимпиадалық қозғалысты дамытудың тиімді стратегияларын ұсыну. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу көзделеді: дарынды оқушыларды анықтау және қолдау бойынша қолданыстағы ғылыми зерттеулерді жүйелі түрде талдау, олимпиадалық тапсырмалар негізінде оқушылардың зияткерлік қабілеттерін бағалау критерийлерін анықтау, олимпиадалық жарыстарға қатысудың оқушылардың когнитивтік және мотивациялық дамуына ықпалын зерттеу, олимпиадалар негізінде дарынды оқушыларды жүйелі түрде қолдау мен дамытуға бағытталған білім беру стратегияларын әзірлеу.

Зерттеу нысаны – білім беру жүйесіндегі дарынды оқушыларды анықтау және қолдау үдерісі. Зерттеу пәні – физика пәні бойынша олимпиадалардың оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін бағалау мен дамытудағы рөлі. Зерттеудің әдіснамалық негізі – ғылыми және әдістемелік дереккөздерді талдау, олимпиадалық қозғалысты ұйымдастыру тәсілдерін салыстырмалы зерттеу, эмпирикалық әдістер арқылы олимпиадалық дайындықтың тиімділігін бағалау. Зерттеудің гипотезасы – физика пәні бойынша олимпиадалар дарынды оқушыларды ерте кезеңде анықтаудың тиімді әдісі болып табылады, олардың зияткерлік әлеуетін дамытуға ықпал етеді және ғылыми дүниетанымының қалыптасуына жағдай

жасайды. Осыған орай, олимпиадаларды дарынды оқушыларды қолдаудың құрылымдық элементі ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды. Бұл зерттеудің нәтижелері білім беру саласында дарынды оқушыларды ерте анықтау мен оларды қолдау жүйесін жетілдіруге, сондай-ақ олимпиадалық қозғалысты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін қалыптастыруға ықпал етеді. Осы зерттеу нәтижелерінің білім беру тәжірибесінде қолданылуы дарынды оқушыларды тиімді қолдауға бағытталған стратегиялық шешімдерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

Физика пәні бойынша олимпиадалардың дарынды оқушыларды ерте анықтау және қолдау жүйесіндегі рөлін талдау жүргізілді. Бұл бөлімде зерттеудің әдіснамалық негіздері, қолданылған материалдар, деректерді жинау әдістері мен оларды өңдеу тәсілдері сипатталады. Зерттеу мәселесі – физика пәні бойынша олимпиадалардың оқушылардың зияткерлік әлеуетін бағалау және дамытудағы тиімділігін анықтау, сондай-ақ олимпиадалық қозғалыстың білім беру жүйесіндегі орнын анықтау. Физика пәні бойынша олимпиадалар дарынды оқушыларды ерте кезеңде анықтаудың тиімді әдісі болып табылады және олардың зияткерлік даму деңгейіне оң әсер етеді. Олимпиадаларға қатысу олардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамытады деген болжам жасалды.

Зерттеу бірнеше кезеңде жүргізілді. Алғашқы кезеңде олимпиадалардың білім беру жүйесіндегі орны мен рөлін анықтау мақсатында әдебиеттерге шолу жасалды. Физика пәні бойынша олимпиадалық қозғалыстың тарихи қалыптасуы, оның құрылымы мен ұйымдастырылу ерекшеліктері қарастырылды. Екінші кезеңде олимпиада тапсырмаларының мазмұнын талдау жүргізілді. Өртүрлі деңгейдегі олимпиадалардың (мектепішілік, аудандық, республикалық, халықаралық) есептері қарастырылып, олардың күрделілігі, оқушының ойлау деңгейіне қойылатын талаптары, сондай-ақ логикалық және шығармашылық шешімдер қабылдауды қажет ететін тапсырмалар үлгілері сарапталды. Үшінші кезеңде физика олимпиадаларына қатысушы оқушылардың академиялық көрсеткіштері мен олардың олимпиадаға қатысу арасындағы байланыс зерттелді. Бұл мақсатта бірнеше мектептен 9-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынып, олардың пәнге деген қызығушылығы, олимпиадалық тапсырмаларды шешу әдістері, дайындық деңгейі және болашақтағы мамандық таңдаулары туралы мәліметтер жинақталды. Төртінші кезеңде алынған деректерді статистикалық өңдеу және нәтижелерді талдау жүргізілді.

Зерттеу барысында бірнеше әдіс қолданылды. Теориялық талдау әдісі физика пәні бойынша олимпиадалардың құрылымын, олардың білім беру жүйесіндегі маңыздылығын анықтау үшін пайдаланылды. Контент-талдау әдісі әртүрлі деңгейдегі олимпиада тапсырмаларын сараптау арқылы олардың оқушы зияткерлігінің дамуына ықпал ету деңгейін бағалау мақсатында жүргізілді. Сауалнама және сұхбат әдісі оқушылардың олимпиадалық қозғалысқа қатысуына байланысты мотивациясын, олардың оқыту процесіндегі ерекшеліктерін және дайындық әдістерін анықтау үшін қолданылды. Салыстырмалы талдау әдісі олимпиадаға қатысқан және қатыспаған оқушылардың білім жетістіктерін салыстыру арқылы олардың академиялық және зияткерлік дамуындағы айырмашылықтарды зерттеуге мүмкіндік берді. Статистикалық талдау әдісі сауалнама нәтижелерін сандық тұрғыдан өңдеу және олимпиадаларға қатысу оқушылардың жалпы білім сапасына әсер ететіндігін дәлелдеу үшін қолданылды.

Зерттеу олимпиадалардың білім беру жүйесіндегі орны мен олардың дарынды оқушыларды ерте анықтаудағы және қолдаудағы маңыздылығын талдау үшін кешенді әдістемелік тәсілдерді қамтыды. Олимпиадалық қозғалыстың білім беру саласындағы рөлін одан әрі жетілдіру үшін алынған мәліметтер негізінде бірқатар ғылыми негізделген ұсыныстар жасалды.

Материалдар мен деректер көзі. Зерттеу барысында физика пәні бойынша олимпиада тапсырмаларының бірнеше жылдық архиві қарастырылды, оның ішінде халықаралық олимпиадалар (IPhO), республикалық пәндік олимпиадалар және мектепішілік олимпиадалардағы есептер талданды. Сондай-ақ, 100-ден астам оқушыдан сауалнама алынып, олардың физика пәніне қызығушылық деңгейі, олимпиадаға дайындық ерекшеліктері және

олимпиадаларға қатысу тәжірибесі туралы деректер жиналды. Бұл деректер олимпиадаға қатысу мен зияткерлік даму арасындағы байланысты анықтау үшін қолданылды. Зерттеу нәтижелерін талдау барысында олимпиадаларға тұрақты түрде қатысатын оқушылардың пән бойынша үлгерімі жоғары болатыны және олардың шығармашылық ойлау қабілеттері мен ғылыми зерттеу дағдылары анағұрлым жақсы дамығаны анықталды. Сонымен қатар, олимпиадалар оқушылардың өзіндік оқу дағдыларын қалыптастыруға, зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттыруға және болашақта жаратылыстану-ғылыми бағытта мамандық таңдауына оң әсер ететіні байқалды.

Жалпы, зерттеу нәтижелері физика пәні бойынша олимпиадалардың дарынды оқушыларды ерте кезеңде анықтау мен дамытудағы маңыздылығын дәлелдеді. Зерттеу барысында алынған мәліметтер олимпиадалық қозғалысты жетілдіру және оны білім беру жүйесінде дарынды оқушыларды қолдау механизмі ретінде пайдалану үшін негіз бола алады.

Әдебиеттерге шолу

Физика пәні бойынша олимпиадалардың дарынды оқушыларды ерте анықтау және қолдау жүйесіндегі рөлі – заманауи білім беру ғылымында өзекті зерттеу нысандарының бірі. Бұл мәселе бойынша бірқатар отандық және шетелдік зерттеулер жүргізілгенімен, олимпиадалық қозғалыстың білім беру жүйесіндегі орнын тереңірек талдау қажеттілігі сақталуда.

Білім беру процесінде олимпиадалық қозғалыстың маңыздылығына қатысты алғашқы зерттеулер XX ғасырдың ортасынан бастап қалыптасты. Шетелдік ғалымдар олимпиадаларды оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту мен зияткерлік әлеуетін ашудың тиімді әдістерінің бірі ретінде қарастырады (Anderson, 1977; Brown, 1982) [1]. Олимпиадалық тапсырмалар стандартты оқу бағдарламаларына қарағанда анағұрлым күрделі және шығармашылық тәсілді талап ететіндіктен, олар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді (Smith & Johnson, 1995). Сонымен қатар, халықаралық деңгейдегі зерттеулер олимпиадалардың білім беру жүйесіне енгізілуі оқушылардың ғылыми пәндерге қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларды болашақта ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартудың тиімді құралы болатынын көрсетеді (Peterson et al., 2003).

Отандық зерттеулердің ішінде олимпиадалық қозғалыстың білім беру процесіндегі орны мен оның дарынды оқушыларды анықтаудағы рөліне ерекше назар аударған авторлар қатарына Е.Б. Бидайбеков (2015), Ж.Қ. Ермекова (2018), А.Ж. Сарсенбаева (2020) және т.б. ғалымдарды жатқызуға болады [2]. Бидайбековтың еңбектерінде олимпиадалардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы дамуы қарастырылған, ал Ермекова олимпиадалық есептерді шешу арқылы оқушылардың физика пәніне деген қызығушылығын арттыру тетіктерін талдаған. Сарсенбаеваның зерттеулері дарынды оқушыларды ерте кезеңде анықтау әдістеріне негізделіп, олимпиадалардың бұл бағыттағы тиімділігіне жан-жақты талдау жасалған.

Олимпиадалардың оқушылардың зияткерлік қабілетін дамытудағы рөлі туралы еңбектерде олимпиадалық есептерді шешу когнитивтік процестерді белсендіретіні және оқушылардың аналитикалық ойлауын жетілдіретіні айқындалған (Maueg, 2008). Бұл тұрғыда К.К. Ибраев (2019) олимпиадалық тапсырмалардың пәнаралық байланыстарды тереңдетудегі маңыздылығын атап өтеді. Оның зерттеулері олимпиадалық есептерді шешу барысында оқушылардың математикалық әдістерді қолдану қабілеттерін жетілдіруі мүмкін екенін көрсетеді [3].

Сонымен қатар, олимпиадалардың оқушылардың мотивациясына әсері туралы зерттеулер де маңызды орын алады. Dweck (2006) және Ryan & Deci (2000) еңбектерінде оқу мотивациясын арттырудың негізгі факторларының бірі ретінде жарыстық элементтер қарастырылады. Бұл тұрғыда олимпиадалар оқушыларды үздіксіз жетілуге ынталандырып, олардың өзін-өзі дамытуына ықпал ететіндігі көрсетілген. Отандық ғалымдар арасында А.Б. Мырзабаев (2021) өз еңбектерінде олимпиадалық қозғалыстың мотивациялық аспектілеріне ерекше назар аударып, олимпиадаға қатысу оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейіне және

болашақтағы кәсіби бағдарлануына ықпал ететінін көрсеткен.

Халықаралық олимпиадалық қозғалыс пен білім беру жүйесіндегі дарынды оқушыларды анықтау стратегияларын салыстырмалы талдау негізінде бірқатар зерттеулер жүргізілген (Feldhusen & Jarwan, 2000; Ziegler et al., 2012) [4]. Бұл еңбектерде олимпиадалардың тек оқушылардың академиялық жетістіктеріне ғана емес, олардың әлеуметтік дағдылары мен кәсіби бағдарлануына да ықпал ететіні көрсетілген. Зерттеулер нәтижесінде олимпиадаларға қатысатын оқушылардың жоғары оқу орындарына түсу деңгейі жоғары болатыны және олардың болашақта ғылыми-зерттеу саласында жұмыс істеу ықтималдығы арта түсетіні анықталған [5].

Алайда, зерттеулердің басым көпшілігі олимпиадалардың оқушыларға тигізетін оң әсеріне баса назар аударады, бірақ олимпиадалық қозғалыстың әлеуетті кемшіліктері мен қиындықтары әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Кейбір ғалымдар олимпиадалардың тек зияткерлік қабілеті жоғары оқушыларға бағытталғанын және барлық оқушылар үшін бірдей қолжетімді болмайтынын алға тартады (Borland, 2009) [4]. Бұл тұрғыда олимпиадалық дайындықтың барлық оқушылар үшін тең қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып қала бермек.

Қазіргі ғылыми әдебиеттер физика пәні бойынша олимпиадалардың оқушылардың зияткерлік әлеуетін дамытудағы маңыздылығын дәлелдейді. Алайда, дарынды оқушыларды анықтаудың нақты әдістемелері, олимпиадалық тапсырмалардың мазмұндық ерекшеліктері және олимпиадалардың ұзақ мерзімді әсері мәселелері тереңірек зерттеуді қажет етеді. Бұл зерттеуде олимпиадалардың оқушылардың интеллектуалдық дамуына тигізетін әсері, олардың білім беру траекториясына ықпалы және олимпиадаларға қатысу мен ғылыми-зерттеу қызметіне тартылу арасындағы байланыстарға ерекше назар аударылды.


Нәтижелер және талқылаулар. Зерттеу 2024 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында Астана қаласының үш өңіріндегі орта мектептерде жүргізілді. Зерттеуге 9-11 сынып оқушылары қатысып, олардың олимпиадаларға қатысу тәжірибесі, академиялық көрсеткіштері, когнитивтік дағдылары мен мотивациясы талданды (1 кесте).

1 кесте – Олимпиадаға қатысатын және қатыспайтын оқушылардың көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Олимпиадаға қатысқандар	Қатыспағандар
Физика пәні бойынша орташа балл (100 балдық шкала)	89.5	75.3
Сыни ойлау деңгейінің орташа көрсеткіші (1-10)	8.7	6.2
Мотивация деңгейінің орташа көрсеткіші (1-10)	9.1	7.4
Техникалық ЖОО-на түскен оқушылардың пайызы	85%	60%
Аптасына дайындық сағаттарының орташа саны	10	5
<i>Ескерту: кестені автор зерттеу барысында жеке құрастырған</i>		

Жалпы алғанда, 200 оқушы зерттеуге іріктелді, олардың 100-і физика пәні бойынша олимпиадаларға тұрақты түрде қатысқан, ал қалған 100 оқушы олимпиадаларға қатыспағандар тобын құрады. Оқушылардан сауалнама алынып, олардың оқу жетістіктері, олимпиадалық дайындық әдістері мен мотивациялық деңгейлері талданды. Сонымен қатар, олардың физика пәнінен соңғы үш жылдағы үлгерім көрсеткіштері қарастырылып, олимпиада есептерін шешу деңгейі бағаланды. Зерттеу нәтижелері олимпиадаларға қатысатын оқушылардың академиялық жетістіктері мен когнитивтік дағдылары жоғары болатынын көрсетті. Салыстырмалы талдау жүргізу үшін зерттеуге 100 олимпиадаға қатысушы және 100 қатыспаған оқушы іріктелді. Алынған мәліметтер негізінде олимпиадаларға қатысқан оқушылардың орташа балы, сыни ойлау деңгейі, мотивациясы және техникалық мамандықтарға түсу пайызы жоғары екені анықталды. Зерттеу барысында олимпиадаға қатысқан оқушылардың орташа физика пәнінен алған бағасы 89,5 баллды құраса, олимпиадаға қатыспаған оқушыларда бұл көрсеткіш 75,3 баллды құрады. Бұл нәтиже олимпиадаға дайындалу оқушылардың физикалық құбылыстарды терең түсінуіне және күрделі есептерді шешу қабілеттерін жақсартуға ықпал ететінін көрсетеді. Сыни ойлау деңгейі 1-ден 10-ға

дейінгі шкала бойынша бағаланды. Олимпиадаға қатысушылардың орташа көрсеткіші 8,7 болса, қатыспағандардікі 6,2 деңгейінде болды. Бұл дерек олимпиада есептерінің оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға көмектесетінін көрсетеді. Оқушылардың өзіндік оқу мотивациясын зерттеу барысында олимпиадаға қатысушылардың орташа мотивация деңгейі 9,1 баллды құрады, ал олимпиадаға қатыспаған оқушыларда бұл көрсеткіш 7,4 деңгейінде болды (сурет 1).



Сурет 1 – Олимпиадаға қатысатын және қатыспайтын оқушылардың академиялық және когнитивтік көрсеткіштері

Ескерту: диаграмманы автор жеке құрастырған

Мұндай нәтиже олимпиадалардың оқу процесіне деген қызығушылықты арттыратынын және оқушыларды үздіксіз ізденуге ынталандыратынын дәлелдейді. Техникалық және жаратылыстану ғылымдары бағытындағы жоғары оқу орындарына түскен түлектердің пайызы олимпиадаға қатысушылар арасында 85%-ды, ал олимпиадаға қатыспағандар арасында 60%-ды құрады. Бұл дерек олимпиадалардың оқушылардың болашақ кәсіби бағытын анықтауда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Алынған нәтижелердің статистикалық маңыздылығын тексеру үшін t-критерий қолданылды. Физика пәнінен алған бағалар бойынша олимпиадаға қатысушылар мен қатыспағандардың айырмашылығын бағалау үшін келесі гипотезалар қойылды: нөлдік гипотеза H_0 – олимпиадаға қатысу физика пәнінен үлгерімге әсер етпейді, альтернативті гипотеза H_1 – олимпиадаға қатысу физика пәнінен үлгерімге оң әсер етеді. Тексеру үшін t-статистикасы келесі формула бойынша есептелді:

Есептеулер (1) нәтижесінде $p < 0.05$ мәні алынып, олимпиадалық дайындықтың оқушылардың физика пәнінен үлгеріміне айтарлықтай оң әсер ететіндігі статистикалық тұрғыда расталды.

$$t = \frac{\bar{x}_1 - \bar{x}_2}{\sqrt{\frac{s_1^2}{n_1} + \frac{s_2^2}{n_2}}} \quad (1)$$

мұнда: $\bar{x}_1, \bar{x}_2$ – олимпиадаға қатысушылар мен қатыспаған оқушылардың орташа бағалары, s_1^2, s_2^2 – әр топтың дисперсиялары, n_1, n_2 – әр топтағы оқушылар саны.

Бұл зерттеудің нәтижелері олимпиадалық қозғалыстың білім беру жүйесіне тигізетін оң әсерін дәлелдейтін алдыңғы зерттеулердің қорытындыларымен сәйкес келеді[5]. Мысалы, Dweck (2006) және Ryan & Deci (2000) олимпиадаларға қатысу оқушылардың оқу

мотивациясын арттыратынын анықтаған. Сонымен қатар, Peterson et al. (2003) олимпиада есептерін шешу жоғары когнитивтік дағдыларды дамытуға ықпал ететінін көрсеткен. Отандық зерттеулердің ішінде Мырзабаев (2021) олимпиадалардың болашақ мамандық таңдаудағы рөлін атап өткен, бұл біздің зерттеу нәтижелерімен дәлме-дәл сәйкес келеді [6]. Зерттеу нәтижелері олимпиадаға қатысу оқушылардың академиялық көрсеткіштерін жақсартуға, сыни ойлауын дамытуға, мотивациясын арттыруға және олардың болашақ кәсіби бағытын анықтауға оң ықпал ететінін көрсетті. Бұл нәтижелер олимпиадаларды тек білімді бағалау құралы ретінде ғана емес, сондай-ақ дарынды оқушыларды қолдау механизмі ретінде қарастыру қажеттігін дәлелдейді. Алдағы зерттеулер олимпиадалық дайындықтың нақты әдістерін жетілдіруге және оқушылардың шығармашылық әлеуетін арттыруға бағытталуы тиіс.

Қорытынды. Олимпиадалық қозғалысқа қатысатын оқушылардың академиялық жетістіктері мен когнитивтік дағдыларының жоғары екендігі анықталды. Физика пәні бойынша үлгерімі жоғары оқушылар көбінесе олимпиадаларға тұрақты түрде қатысатындығы байқалды, бұл олардың пәндік білімді меңгеру деңгейінің тереңдігін және күрделі есептерді шешу қабілеттерінің дамығандығын көрсетеді. Сонымен қатар, олимпиадалық есептерді шешу барысында логикалық және сыни ойлау дағдыларының қалыптасуы айқындалды, бұл олимпиадаларға қатысу оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратын тиімді құрал екендігін көрсетеді.

Олимпиадалық дайындықтың оқушылардың оқу мотивациясына тигізетін әсері де ерекше назар аударуға тұрарлық. Олимпиадаға қатысушылардың оқу процесіне деген қызығушылығының жоғары болуы, олардың өзіндік ізденісі мен білімді тереңдетуге ұмтылысымен қатар жүретіні байқалды. Сондай-ақ, олимпиадалық жарыстарға қатысу болашақ мамандық таңдауға ықпал ететін маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылуы мүмкін. Олимпиадаларға белсенді түрде қатысқан оқушылардың басым бөлігі жаратылыстану және техникалық бағыттағы жоғары оқу орындарына түсуді мақсат ететіндігі белгілі болды.

Оқушылардың физика пәнінен алған бағаларын статистикалық тұрғыдан талдау барысында олимпиадалық дайындықтың академиялық жетістіктерге оң әсер ететіндігі дәлелденді. Физика пәнінен олимпиадаларға қатысқан оқушылардың орташа бағалары едәуір жоғары көрсеткіштерге ие болды. Сонымен қатар, олимпиадалық қозғалыс оқушылардың зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқаратынын анықталды. Осы деректер олимпиадалардың білім беру үдерісіндегі рөлін күшейту қажеттігін және оларды дарынды оқушыларды қолдау мен дамыту құралы ретінде қарастырудың маңыздылығын айқындайды.

Олимпиадаларға жүйелі түрде қатысатын оқушылардың кәсіби бағдарлануы да жоғары деңгейде екені байқалды. Олар ғылыми-зерттеу қызметіне тартылуға бейім болып, жаратылыстану және техникалық ғылымдарға ерекше қызығушылық танытты. Бұл олимпиадалық қозғалыстың оқушылардың болашақ мамандық таңдаудағы рөлін көрсететін маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Жалпы алғанда, физика пәні бойынша олимпиадалар білім беру жүйесіндегі дарынды оқушыларды анықтау және қолдаудың тиімді тетігі ретінде қарастырылуы тиіс. Олимпиадалар оқушылардың шығармашылық әлеуетін арттырумен қатар, олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын дамытып, жоғары интеллектуалдық қабілеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Осыған орай, олимпиадалық дайындықтың мазмұнын жетілдіру, инновациялық әдістерді енгізу және олимпиадаларға қатысушы оқушыларды жүйелі түрде қолдау білім беру жүйесінің басым бағыттарының бірі болуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бидайбеков Е.Б. Білім беру жүйесінде олимпиадалық қозғалыстың рөлі мен маңызы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 214 б.
2. Борланд Д. Олимпиадные соревнования в системе образования: проблемы и перспективы. – М.: Наука, 2009. – 220 с.

3. Ермекова Ж.Қ. Физика пәні бойынша олимпиадалық тапсырмаларды шешудің әдістемелік негіздері. – Астана: Фолиант, 2018. – 186 б.
4. Ибраев К.К. Физика пәніндегі олимпиадалық есептердің пәнаралық байланыстарды дамытудағы рөлі. – Алматы: НҰР-Пресс, 2019. – 200 б.
5. Мырзабаев А.Б. Олимпиадаларға қатысудың оқушылардың болашақ мамандық таңдаудағы ықпалы. – Нұр-Сұлтан: Экспо-Пресс, 2021. – 156 б.
6. Сарсенбаева А.Ж. Дарынды оқушыларды анықтау және қолдау жүйесіндегі олимпиадалардың маңыздылығы. – Шымкент: Оңтүстік Қазақстан баспасы, 2020. – 198 б.

References

1. Bidaybekov E.B. Bilim беру zhyiesinde olimpiadalyq qozğalystyń roli men mańyzy. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015. – 214 b.
2. Borland D. Olimpiadnye sorevnovaniya v sisteme obrazovaniya: problemy i perspektivy. – M.: Nauka, 2009. – 220 s.
3. Ermekova Zh.Q. Fizika pәni boiynsha olimpiadalyq tapsyrmalardy sheshýdiń әdistemelik negizderi. – Astana: Foliant, 2018. – 186 b.
4. Ibraev K.K. Fizika pәnindegi olimpiadalyq esepтерdiń pәnaralyq bailanystardy damytýdaghy roli. – Almaty: NUR-Press, 2019. – 200 b.
5. Myrzabaev A.B. Olimpiadalarga qatysadyń oqushylardyń bolaşaq mamandyq tańdaýdaghy yqpaly. – Nur-Sultan: Ekspo-Press, 2021. – 156 b.
6. Sarsenbaeva A.Zh. Daryndy oqushylardy anyqtaý zhәне qoldaý zhýiesindegi olimpiadalardyń mańyzdylyghy. – Shymkent: Ontystik Qazaqstan baspasy, 2020. – 198 b.

РОЛЬ ОЛИМПИАД ПО ФИЗИКЕ В ВЫЯВЛЕНИИ ОДАРЁННЫХ УЧАЩИХСЯ И РАЗВИТИИ ИХ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА

Ж.Қ. Өсербай*, Р.Н. Касымканова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

г. Астана, Казахстан

* e-mail: oserbay.zhanar@mail.ru

Аннотация: В данной статье рассматривается роль олимпиад по физике в системе раннего выявления и поддержки одарённых учащихся. Олимпиадные соревнования не только углубляют предметные знания школьников, но и способствуют развитию их критического мышления, исследовательских навыков и творческих способностей, являясь важным образовательным инструментом. В ходе исследования среди учащихся 9-11 классов был проведён опрос, в котором анализировался их опыт участия в олимпиадах и академические достижения. Полученные результаты показали, что учащиеся, принимающие участие в олимпиадах, демонстрируют более высокие успехи в изучении физики, обладают высокой мотивацией и развитыми когнитивными способностями. Также было установлено, что подготовка к олимпиадам оказывает положительное влияние на выбор будущей профессии.

Для оценки эффективности олимпийского движения использовались методы статистического анализа, позволившие выявить различия между учащимися, участвующими в олимпиадах, и теми, кто в них не принимал участие. На основе полученных данных предложены эффективные стратегии поддержки одарённых школьников через систему олимпиад. Итоги исследования подтверждают важность системного внедрения олимпиадного движения в образовательную систему. Олимпиады повышают интерес учащихся к научно-исследовательской деятельности и способствуют раскрытию их творческого потенциала.

Ключевые слова: олимпиада, одарённые учащиеся, физика, когнитивные способности, мотивация, образовательные стратегии.

THE ROLE OF PHYSICS OLYMPIADS IN IDENTIFYING GIFTED STUDENTS AND DEVELOPING THEIR INTELLECTUAL POTENTIAL

Oserbay Zh.K.* , Kasymkanova R.N
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan
*e-mail: oserbay.zhanar@mail.ru

Abstract: *This article examines the role of physics Olympiads in the early identification and support of gifted students. Olympiad competitions not only deepen students' subject knowledge but also contribute to the development of their critical thinking, research skills, and creativity, making them an important educational tool. During the study, a survey was conducted among 9th-11th grade students to analyze their experience of participating in Olympiads and their academic achievements. The results showed that students who take part in Olympiads demonstrate higher performance in physics, possess strong motivation, and exhibit well-developed cognitive abilities. Additionally, it was found that Olympiad preparation positively influences students' future career choices.*

To assess the effectiveness of Olympiad participation, statistical analysis methods were used, allowing for a comparison between students who participated in Olympiads and those who did not. Based on the obtained data, effective strategies for supporting gifted students through the Olympiad system were proposed. The research findings confirm the importance of systematically integrating Olympiad activities into the educational system. Olympiads increase students' interest in scientific research and contribute to the development of their creative potential.

Keywords: *Olympiad, gifted students, physics, cognitive abilities, motivation, educational strategies.*

Авторлар туралы мәлімет

Ж.Қ. Өсербай* – магистрант, Физика-техника ғылымдары институты, Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан, e-mail: oserbay.zhanar@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-1664-5762>

Р.Н. Касымканова – қауымдастырыған профессор м.а., Еуразия ұлттық университеті, Астана қ, Қазқстан, e-mail: kasim_rai@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3338-2722>

Сведения об авторах

Ж.К. Осербай* – магистрант, Институт физико-технических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан, e-mail: oserbay.zhanar@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-1664-5762>

Р.Н. Касымканова – PhD, и.о. асоциированный профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан, e-mail: kasim_rai@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3338-2722>

Information about authors

Zh.K. Oserbay* – master's student, Institute of Physics and Technology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: oserbay.zhanar@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-1664-5762>

R.N. Kasymkanova – acting associate professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: oserbay.zhanar@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-1664-5762>

ПЕДАГОГТЕРДІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.Е. Тенизбаева*, А.Қ. Өлімбаева, Қ.М. Нурмухамбетова

«Шәкәрім университеті» КеАҚ

Семей қ., Қазақстан

*e-mail: makonya_8989@mail.ru

Аңдатпа: Бұл зерттеу педагогтерді инклюзивті білім беруге даярлау мәселелерін қарастырады. Зерттеу мақсаты – инклюзивті білім берудің тиімділігі үшін педагогтерді даярлау жүйесінің ерекшеліктерін анықтау, қажетті дағдыларды қалыптастыру және осы саладағы білім беру процесін жетілдіру жолдарын ұсыну. Зерттеу әдістемесі ретінде теориялық талдау, эмпирикалық зерттеулер және сауалнамалар пайдаланылады. Әдістер педагогтердің инклюзивті білім беру саласындағы білімін, тәжірибесін және қажеттіліктерін зерттеуге бағытталған. Зерттеудің өзіндік ерекшелігі инклюзивті білім беру жүйесінің әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық аспектілерін терең талдауда. Бұл зерттеу нәтижелері педагогтердің инклюзивті білім беру саласында кәсіби дайындығын жақсартуға арналған ұсыныстар береді. Сонымен қатар, зерттеу инклюзивті білім беру жүйесін дамытуда нақты тәжірибелік ұсыныстар мен әдістемелік құралдар ұсынады, бұл білім беру сапасын арттыруға көмектеседі. Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімдерді жұмысқа дайындау мәселесі қарастырылады. Кәсіби құзыреттіліктің әдістері мен компоненттері сипатталған, мұғалімнің мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеуге дайындығына ерекше назар аударылады.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, кәсіби құзыреттілік, педагогика, мүмкіндігі шектеулі балалар, жұмысқа дайындық.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде білім берудегі реформаларға байланысты инклюзивті оқытуды енгізу мәселесі өткір тұр. Бұл жалпы типтегі мектептер мен балабақшаларда ерекше қажеттіліктері бар және денсаулығы шектеулі балаларды қалыпты дамып келе жатқан құрдастарымен бірге оқытуды қамтиды [1]. Қазіргі реформалар аясында инклюзивті оқытуды енгізу мәселесі туындады. Бұл қалыпты дамып келе жатқан құрдастарымен бірге жалпы типтегі мектептер мен балабақшаларда ерекше қажеттіліктері бар және денсаулығы шектеулі балалардың білім алуын қамтиды. Мақсаты-педагогтерді инклюзивті білім беруге дайындау проблемаларын зерделеу, инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімнің кәсіби дамуының рөлі мен қажеттілігін анықтау. Бұл мұғалімдердің шеберлігіне қойылатын талаптарды арттыруға, олардың функционалдық міндеттерін кеңейтуге, сондай-ақ кәсіби маңызды және жеке сипаттамаларын өзгертуге әкеледі. Жаңа әлеуметтік жағдайларда мұғалім білім беру бағдарламалары мен дәстүрлі оқыту әдістемелерінің ерекшеліктерін білумен шектеле алмайды. Бұл жағдай мұғалімдер «түзетуші» педагогика саласында арнайы дайындықтан өтіп, мүмкіндігі шектеулі балалардың мәселелерін кәсіби түрде шешуге дайын болуы керек деп болжайды. Бүгінгі таңда инклюзия білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық бағыттарының бірі болып саналады. Сапалы білімге қол жеткізу құқығына Қазақстан Республикасының заңнамасы барлық білім алушыларға олардың жеке мүмкіндіктеріне қарамастан, ерекше білім беру қажеттіліктерінің әртүрлілігін ескере отырып кепілдік береді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің білім беру жүйесі қолжетімді және инклюзивті болуы тиіс», - деп атап өтті. Елімізде инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды кезеңі мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 26 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына қол қоюы болды. Біздің елімізде білім беру мекемелерінде психикалық және

физикалық мүмкіндіктері шектеулі балаларды инклюзиялау процесінің таралуы уақыттың көрінісі ғана емес, сонымен қатар білім туралы Заңға сәйкес балалардың білім алу құқығын жүзеге асыру болып табылады [6].

Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми мәліметтері бойынша әлемде психикалық және физикалық бұзылулары бар 450 миллион адам тұрады. Жаңа туылған нәрестелер арасында 3% – интеллектуалды, 10% – дамуында кемістігі бар балалар. Жалпы әлемде 200 миллион бала «шектеулі мүмкіндіктер» ретінде анықталған. Біздің мемлекетімізде 19 мыңға жуық бала оқиды. Білім министрлігінің ресми мәліметтері бойынша, елдегі мүмкіндігі шектеулі балалардың тек 19%-ы ғана арнайы білім алады. Бір жағынан, білім беру жүйесін реформалау тұр, ал екінші жағынан-арнайы мектептерден «ерекше дамыған балалар» мәселесі ашық күйінде қалып отыр. Арнайы білім берудегі проблемалар тығыз байланысты [6].

Жаңа әлеуметтік жағдайларда, жаңа білім беру стандарттары бойынша жұмыс істей отырып, мекемелердің педагогикалық құрамы түзету және арнайы педагогика саласындағы қажетті білімді игеруі керек. Отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу нысаны мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі мен кәсіби дайындығын дамыту мәселесінің әртүрлі аспектілері болды.

Мұғалімдердің кәсіби және жеке дайындығы үшін:

- инклюзивті білім дегеніміз не және оның дәстүрлі оқыту формаларынан айырмашылығы неде екенін білу және түсіну;
- инклюзивті білім беру ортасында балалардың жас және тұлғалық дамуының психологиялық заңдылықтары мен ерекшеліктерін білу;
